

П И О Н Е Р



Апрель

1947 жыл

№ 4

Республикалық газеттер баспасы



П И О Н Е Р

Қазақстан ЛКЖО Орталық
Комитетінің айына бір рет
шығатын балалар журналы

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

№ 4

АПРЕЛЬ 1947 ЖЫЛ

Шығуына 5 жыл

Москва



Сәлем саған, даңқты зор Москва,
Келдім қазақ жерінен, сонау қырдан.
Гүлжазира шалқыған күн астында,
Мұнараға күлімдеп қарап тұрған.
Жүрегіммен сол жердің сағынышын
Алып келдім алыстан арнап саған.
Сенен ой, сенен білім алу үшін
Шөлдеп келген адамдай жан аңсаған.
Басынан Кремльдің көрдім жұлдыз,
Жүрегіммен аңсап соны жанып тұрған.
Күмбезге қасындағы келіп тұрмыз,
Шолпандай жарқыраған таңғы туған.
Алыбы асқар ойдың сонда жатыр,
Бөленген тас бесікке өзі мәңгі.
Бірақ та шам-шырақтай жанған ақыл,
Күндей боп аралап жүр жер-жаһанды.
Қозғаған сол ұлы ойды зор кемеңгер,
Үстінде қарап тұрды мұнараның.
Көрініп нұр көзіне дүние-жер,
Отанның оймен шолып тұр алабын.
Басты иіп сол такаббар мұнараға,
Алғыстап ұлы адамға айттық сәлем.
Миллионның толқындаған сол арада,
Алшаңдап аяқ басқан біреуі мен.
Өйткені, көп құмартқан көздеріме
Сыйып тұр зор Москва сәулетімен.
Естіген жырлы даңқын кездерімде,
Көруді өмірде бір үміт еткен.
Әкем өткен аңыз ғып Москваны,
Ертегі еткен ертеде қойшы қазақ,
Шаһардай ескі-көне ғасырдағы
Ежелден даламдағы даңқы ғажап.
Көне тас Кремльді тұрмын көріп,
Мұнарасы дүниенің тіреуіндей.

Орыстың кеудесіндей қамал берік,
Отанның жанып тұрған жүрегіндей.
Көрінеді үйлері көзіме ыстық,
Әкем салып кеткендей арнап маған.
Адамдары өскендей бір туысып,
Я жатырқап, я кім деп танданбаған.
Мұнда адам толқыны зор теңіздей,
Шалқып жатыр толғандай біздің дала.
Кең пейіл бірақ орыс кеудесіндей,
Сыя берер сансыз жап Москваға.
Айбынды орыс даусы сонда шыққан
Жар салған жаңа дүние дүбіріндей.
Тіл бар ма осы тілдей дүние ұққан,
Орыстың жүрек бар ма жүрегіндей.
Мейрімді сол жүрек қой мені тартқан,
Кең жатқан кеудесімен Кремльдей.
Астанамсың аяңнан бахыт тапқан,
Мен де ұлыңмын орыстың біреуіндей.
Көргемін жоқ көп шулы Лондонды мен,
Турмаған шығар мені іздеп ол да.
Мен секілді қонырлар жүре ме екен,
Өз үйіндей еркімен сірә сонда.
Жаңа келіп тұрсамда, туғандай-ақ
Москвада, Кремль бауырында.
Өзімсініп мен тұрмын, тұрғандай-ақ
Нағашымның үйінде, ауылымда.
Уа, Москва, ардақты шаңырағым!
Сталиннің нұрын күй жүрегіме.
Жақ жаныма Лениннің шам-шырағын,
Ақ пейілің орыстың бер көңілге.
Балаңдай басымды иіп мейіміне,
Жүрегімді алдыңа тостым анық,
Құшағыңда күлімдеп тұрмын міне,
Мен — қазақтың, адамын — москвалық!
К. БЕКХОЖИН.

В. И. ЛЕНИН

Біздің ұстазымыз, көсеміміз Ильичті есте сақтаңдар, оқыл үйреніңдер. Ішкі-тысқы жаулармен Ильичше күресіп және Ильичше жеңіп шығыңдар. Жаңа өмірді, жаңа тұрмысты, жаңа мәдениетті Ильичше құрыңдар. Ешқашан жұмыста аз нәрсені елеусіз қалдырмаңдар, өйткені аздан көп құралады,—бұл Ильичтің ең маңызды өсиеттерінің бірі.

И. СТАЛИН



В. И. Ленин.

Владимир Ильич Ульянов (Ленин) 1870-жылы апрельдің 22-күні Еділ бойындағы Симбирскі қаласында туы. Ол қала қазір Ульяновскі деп аталады.

Лениннің ата — анасы: Илья Николаевич пен Мария Александровна Ульяновтар — сол заманда ең білімді, ең мәдениетті алдыңғы қатардағы

аламдар болды. Әкесі алғашында математика мен физикадан сабақ беретін мұғалім болды да, кейін Симбирскі губерниясының халық училищелерінің инспекторы қызметіне ауысты. Ульяновтар балаларын ыншылдыққа, білімділікке, адалдыққа баулуға көп көңіл бөлді.

Ульяновтардың балаларының барлығы да революционер болды: Үлкен ұлы Александр — халықшыл болды, ертерек қайтыс болған Ольгадан басқалары — Анна, Владимир, Дмитрий, Мария — төртеуі большевиктер партиясының мүшесі болды.

Володя 9 жасында гимназияға түсті. Ол өте жақсы оқыды, кластан класқа бірінші бағалы сыйлықтар алып көшіп отырды.

Ол гимназияның соңғы класында оқып жүргенде, Ульяновтың семьясы ауыр қазаның қайғысына ұшырады. III-Александр патшаны өлтірмек болған дайындық жұмыстарына қатысқаны үшін, Петербургте университетте оқып жүрген Володьяның ағасы Саша дарға тартылды. Ленин бұл қайғыға ауыр күйзелді, бірақ асқан төзімділікпен оқуын бітіріп шықты. Ол кәмелеттік аттестатқа өте жақсы деген бағамен емтихан өткізіп, алтын медаль алды.

Еділ бойында өткен балалық шағының өзінде Ленин шаруалардың ауыр өмірімен танысты. Ол патша үкметінің чиновниктері, помещиктері, сәудегерлері ұсақ ұлттарды — чуваштарды, татарларды, мордвиндарды, сол сияқты орыс шаруаларын қалай қанайтындығын өз көзімен көрді. Владимир Ильич жас шағынан бастап қанаушылар мен сзушілерді жан-тәнімен жек көрді.

Сүйікті ағасының өлімінен кейін Ленин өзінің барлық өмірін халық бостандығы үшін күреске арнауға біржолата бел байлады. Бірақ, ол халықшылдардың жолынан басқаша нағыз революцияшыл, бірден-бір дұрыс жолмен жүруді ұйғарды.

Владимир Ильич онжеті жасында гимназияны бітіріп, Қазан университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Бірақ, көп ұзамай, студенттердің революциялық қозғалысына қатысқаны үшін университеттен шығарылып, Кукушкино деревнясы-

на жер аударылды. Екі жылдан кейін ғана заң факультетіне емтихан өткізуге ұрықсат алды.

Бір жылдың ішінде Владимир Ильич ешкімнің көмегінсіз университеттің төрт жылдық курсы өздігінен өтіп, Петербург университетін бітіріп шықты. Оған бірінші дәрежелі диплом берілді.

Қазан университетінен шығарылған күннен бастап, Ленин алғашында Қазан мен Самарда, кейін Петербургта үздіксіз жасырын революциялық жұмыстар жүргізді.

Ленин Петербургта жексембі күндері оқыйтын кешкі мектептің мұғалімі Надежда Константиновна Крупскаямен танысты. Осы уақыттан бастап өмірінің ақырына дейін Надежда Константиновна Ленинің революциялық жұмыстарды бірге



Ленинің гимназияда оқып жүрген кезі.

атқарысқан ең жақын досы, жолдасы болады.

Сол замандағы Ресейдің астанасы Петербург қаласында Ленин жұмысшылардың саяси үйірмелерін құрып, оларға ауыз біріктіріп ұйымдасып капиталистер мен патшалық тәртіпке қарсы күресуде үйретті. Ол патша үкметімен келісім жа-

сауды үгіттеушілерді үнемі аяусыз әшкерелеп отырды.

Маркс пен Энгельс ғылымын Ресейде бірінші рет жүзеге асыра бастаған Ленин еді. Ол орыс марксисттерінің көсемі болды.

Ленин Петербургтегі барлық марксист жұмысшы үйірмелерінің басын біріктіріп, «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес Одағы» атты ұйым құрды. Одақтың жұмысын Ленинің өзі басқарды, оның үндеулерін өзі жазды, әр завод пен әр фабрикадағы жағдайды қадағалап отырушы да өзі болды. Одақтың басқаруымен Петербург жұмысшылары көтеріліске дөңсеге бастады. Бұл Одақты көптеген басқа қалалардағы революцияшыл ұйымдармен байланыстыру жолында Ленин социалдық көп еңбектенді. Болашақ большевиктер партиясының негізін Владимир Ильич осылайша қалай бастаған болатын.

Ленинің басқан ізін аңдушы патша жандарымдары, қыстың аязды түндерінің бірінде оны тұтқынға алды.

Ленин он төрт ай ұдайымен түрмеде отырды. Бірақ, оның қызу қызметі мұнда да тоқталған жоқ. Оның әр күні есепке алынып, қайнаған жұмыс үстінде өтіп жатты. Ленин түрменің темір торында отырып, өзі құрған ұйымға басшылық етті: ол хаттар, үндеулер таратып жатты, түрмеде отырып, «Көтеріліс» атты кітапша да жазып шығарды. Осының барлығын Ленин қолға түскен кітаптың жолдарының арасына сүтпен жазды. Нанная жасаған сыя сауытты хауіпті жағдайлар туғанда, жұтын қоятын, «Бүгін алты сыя сауытты жеп қойдым», деп жазды ол бір қатында.

Ленинді түрмеден шығарып, Сибирьдегі Шушенскі деревнясына үш жылға жер аударды. Сыртқы өмірмен байланысы жоқ, дүниенің бұл түкпірінде де Ленин қол қусырып қарап отырған жоқ. Ол революцияшыл ұйымдарға осы жерден басшылық етті, кеңестер айтып, жол көрсетіп, хаттар жазды. Ол Маркс пен Энгельстің оқуын дамытты. Айдауда өткен үш жылдың ішінде 30дан артық ғылыми еңбек жазды. Ол туысқандары жіберіп тұрған орыс және шет ел газеттері мен журналдарын, ғылымның әр саласынан көптеген кітаптар оқыды. Шушенскіде Надежда Константиновна Крупская жер аударылу мерзімін Владимир Ильичпен бірге өткізді.

Айдау мерзімін бітіргеннен кейін Ленинге шет елге кетуге тура келді, революциялық жұмысты бұрынғыдан да өрістете түсу хажет болды, ал Ресейде патша жандарымдары оның басқан ізін есепке алып соңына түскен. Ленин Германияда атақты «Искра» газетін шығара бастады. Газетке «Искра» — ұшқын деп ат қойылуына «ұшқындан өрт тұтанады» деген езгі сөз себепші болады.

Революцияшыл жауынгер газетті Ресейге құпия ұйымның арнаулы өкілдері жасырын жолдармен жеткізіп тұрды. Бұл сыяқты қызын жұмысты Ленинің өзі басқарды. Ол жасырын



Уйымдармен тікелей хат арқылы байланыс жасап, шет елде тұрып оларға жөн сілтеп жұмысына бағыт беріп отырды. Владимир Ильич сол жерде тұрып та өзінің ағақты еңбектерін жазуды тоқтатпайды. Осы уақыттан бастап ол өзінің кейбір шығармаларына Ленин деген фамилия қойып жүрді. Көп ұзамай-ақ «Искра» газетінің төңірегін неміс пен патша қаракшылары тіміскілей бастады. Сондықтан да газетті алдымен Лондонға, кейін Швейцарияның Женева қаласына көшіруге тура келді.

1903 жылы Лондонға Ресейдегі революцияшыл жасырын уйымдардың делегаттары партия съезіне келді. Бұл съездің дайындық жұмысын тікелей Лениннің өзі басқарған. Съезде партияны қалай құру керек, Ресейде революциялық жұмыстарды бұдан былай қалай жүргізу керек деген мәселелерді талқыға салды. Делегаттардың көпшілігі (большинство) Ленин жағында болды, сол себепті сол уақыттан бастап оларды большевиктер деп атайтын болды. Ленинге қарсылар аз (меньшинство) болады, сондықтан олар меньшевиктер деген ат алды. Кейін меньшевиктер халықтың тура жауы, контрреволюционерлер болып шықты.

Большевиктердің басшылығы арқасында Ресейде революциялық күрес өсіп дами бастады. 1905 жылы бірінші орыс революциясы басталды. Ленин Ресейге хат жазып, жұмысшылардың жауынгер жасақтарын құруды, құралды көтеріліске тезірек әзірленуді талап етті.

1905 жылдың күзінде, өз басына туған қалын



Лениннің Сталинмен кездесуі.

хауіпке қарамастан, Ленин Петербургке келеді. Мұнда оған жандарымдардан жасырынып, бой тасалап өмір сүруге тура келді. Ол мәжілістер мен жыйылыстарда сөз сөйлеп, басқа қалалардан келген партия басшыларын тыңдап, партия газеттеріне мақалалар жазады. Көтерілісті болдырмауға тырысқан меньшевиктерге қарсы қажымай күреседі.

Революцияның қызу жүріп жатқан кезінде, 1905 жылғы декабрьдің бас кезінде, Финляндиядағы Таммерфорс қаласында большевиктердің бірінші конференциясы шақырылды. Осы конференцияда Владимир Ильич Иосиф Виссарионович Сталинмен бірінші рет кездесті. Сол уақыттан бастап екі данышпан адамның арасындағы мәңгілік ажырамас достық басталды.

„ТАУ ҚЫРАНЫ“



Иосиф Виссарионович Сталин мен Владимир Ильич ең алғаш рет 1905 жылы кездесті. Бірақ олар мұнан бұрын бірі мен бірі сырттан таныс болатын. Ленинге кездеспей тұрып-ақ Сталин оған «Тау қыраны» деп тамаша мінездеме берген. Селт етіп сескенбейтін, қайтпас қайсар, тұнғыйық аспанға шарықтап ұшып, алмысты қырдан шолатын тау қыраны...

1903 жылдың аяғында Сталин Сибирьде айдауда жүріп, Лениннен хат алған. Владимир Ильич партияның жасырын жұмысын бұдан былайғы уақытта қалай жүргізу керек екендігі туралы жазды: Осы хатты еске түсірген бір сөзінде: «Нағыз шиеленіскен мәселелер туралы

сондайлық қарапайым және сондайлық түсінікті, соншалық қысқа және соншалық өткір етіп жазу Лениннің ғана қолынан келетін — оның әр сөзі мергеннің оғындай, нысанаға дәл тисті. Әрі қарапайым, әрі өткір жазылған бұл хат мені бұрынғыдан да қуаттандырды, Ленин біздің партияның тау қыраны екендігін білдік» — дейді Сталин жолдас.

Екі данышпан адам 1905 жылғы Таммерфорстағы конференцияда кездескенде, жас Сталинді таң қалдырған Лениннің өзгеден ерекше кішіпейілділігі мен қарапайымдылығы еді.

Ленин конференцияға басқалардан бұрын келіп, елеусіз бір бұрышта делегаттармен әңгімелесіп отыратын еді.

Кейін ұлы көсемдер жиі хат жазысып тұрысты. Ресейде тұрғандардың санаулысы ғана бол-



маса, көпшілігі орыс өмірімен, ел ішіндегі жұмысшы қозғалысымен, ұзақ уақыт шет елде болған Лениннен артық байланысты бола алған жоқ. «1907—1908, 1912 жылдары, шет елге, оған барғанымда, әрқашан оның үйінен Ресейдегі практиктерден алған есепсіз хатты көруші едім және әрқашанда Ленин Ресейде қалғандардан анағұрлым көп білетін», дейді Сталин жолдас.

КҮРЕС ӘЛІ БІТКЕН ЖОҚ

1905

жылғы революция сәтсіздікке ұшырады. Бірақ Ленин қынжылған жоқ. Бұл революцияның із-түзсіз кетпейтінін, оның келесі революцияда жұмысшы табына тамаша мектеп болатынын, жұмысшы табы сөзсіз жеңіп шығатынын ол айқын білді. Пағына қарақшылары жалақтап жүрген Ресейде бұдан былай қала беруге болмады. Ленинге тағы да шет елге сапар шегуге тура келді. Бұл уақытта ол Финляндияда (ол кездегі Ресей империясының бір бөлшегі) тұрған. Патшаның тыңшылары оны аңдып жүретін, сондықтан порттан пароходқа отырып кетуге мүмкіндік болмады, өйткені оны тұтқынға алатындығы сөзсіз еді. Ленин бір түнде Фин қолтығының көкше мұзаның үстімен бір аралға бет алып жүріп кетті, сол аралдан пароходқа отырмақ болды. Бір жерде мұз ойылып кетіп, Ленин суға кетіп қала жаздады. Кейін Владимир Ильич осыны еске түсіргенде сол сағатта: «Ақымақ өлімімен мерт болу қандай әді-



Лениннің Петроградқа келуі.

летсіздік!» деп ойладым деді. Бұл жолы ол шет жерде он жылдан артығырақ өмір сүрді.

Қайнаған еңбек пен күрес жылдары өтіп жат-

ты. Шет елде жүріп, Ленин өзінің атакты шығармаларын жазды. Ол үшін бірнеше тілде жүздеген кітаптар оқып, әр кітаптың керекті жерлерін көшіріп алады. Шет елдерде шақырылған партия конференцияларына басшылық етті, меньшевиктерге қарсы қатал күрес жүргізді, партия ұйымдарын төзімділікпен оқытып, олардың бірлігін күшейтеді, олар үшін шабыул пландарын жасайды, большевиктер газетін шығарады.

1914 жылы дүние жүзілік соғыс басталды. Ленин бұл соғыстың империалистік, талаушы соғыс екендігін, капиталистердің мүддесі үшін ғана ашылғандығын еңбекші халыққа асқан төзіммен үнемі түсіндіріп отырды. Ленин барлық елдердің жұмысшылары мен солдаттарын империалистік соғысты азамат соғысына айналдырып, қаруды өз еліндегі капиталистер үкметіне қарсы жұмсауға шақырды. 1917 жылы февралдың 27 (жаңа стиль бойынша 12 март) күні солай болып шықты да. Петроград жұмысшылары мен солдаттар патшаны тақтан тайдырып, оның үкметін құлатты. Бұл күрестің басы ғана еді, фабриканттар мен помещиктерді — бүкіл империалистік құрылысты талқандау міндеті алда тұрды.

Ленин Ресейге тағы да қайтып келді.

Ленин апрелдің 16 күні Петроградқа келіп түсті. Түнгі сағат онекінің кезі еді. Фин вокзалы, оның алдындағы алаң мен көшелер, қызыл ту ұстап, әндетіп-кернейлетіп келген мыңдаған жұмысшы, солдат және матростарға лық толы еді. Ленин вагоннан шыққанда, жыйналған жұрт шексіз қуанышқа бөленді. Жұмысшылар оны алақандарына салып көтерген бойымен вокзалға алып келді. Солдаттар Ленинді қарсы алуға броновикпен келген. Ленин броновиктің үстіне шықты, сонда тұрып жұмысшылар, солдаттар және матростарды социалистік революцияның жеңуі үшін күресуге шақырған атакты сөзін сөйледі.

Ленин вокзалдан броновикке отырып большевиктер партиясының Орталық Комитетіне беттеді. Оның соңынан әлденеше мыңдаған жұмысшылар мен солдаттар ілек-ілегімен жүріп келе жатты. Жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер қаз-қатар, иітіресіп тұрып, қоршаған жол бойын прожектор шамы жарық сәулесін төгіп көрсетіп отырды.

Революцияның көсемі келісімен іске кірісті, толып жатқан жаңа істерді бастады. Сол күні Ленин өзінің жақын достары мен серіктеріне өзінің көз қарасын айтып берді. Келесі күннен бастап Ильич Октябрь революциясына дайындық жұмысына басшылық етуге кірісті. Ол партия жыйылыстарында, жұмысшылар митингісінде сөз сөйледі, большевиктердің VII-конференциясына дайындық та соның басшылығымен жүріп жатты. Лениннің бойына біткен қайрат сарқылмайтын бұлақ тәрізді еді. Сол күндерде оған қаншама қиын міндеттер жүктелді. Осының барлығының үстіне ол «Правда» газетіне күн сайын мақала жазуға да үлгірді, тіпті кей күндері бірнеше мақала жазатын.

(Жалғасы бар)





А. ХАНГЕЛДИН

О Ч Е Р К

Суреттерін жасаған К. БАРАНОВ

Ерденнің үлкен әкесі «Қызыл әскер» колхозында бригадир болып істейтін. Біз, Ерден екеуіміз жазғы демалысты сонда өткізбек болып серт байластық.

Оқудың біткеніне екі-үш-ақ күн болған еді. Ерден біздің үйге келді. Ол келісімен бірнәрсе айтпақ болып, мені оңашалай бастады. Оның жайдары жүзі бір жаңалық әкелгенін сездірді. Ауыз үйде көкем, көршіміз келін, сонымен сөйлесіп отырған. Ерден мені төргі үйге ымдап шақырды. Төргі үйге кіре берісте, ол мені түртіп қалды да:

— Естіп пе едің? — деді.

— Нені?

— Колхоздан атам келді. — деді ол, ақырын сыбырлап.

Ерден екеуіміз ертеңінде колхозға жұрмекші болдық. Бізге ат арбамен жүру қызықты болды. Сондықтан колхоздан келген Тобарұл қарттың арбасына мініп, онымен бірге колхозға жүріп кеттік.

Біз келгенде, колхоздағы қызу жұмыс-егін суару, шөп шабу екен. Колхозшылар қауырт қыймылдап, күндіз-түні бірдей жұмыс басында болғандықтан, ауылда адам өте сирек көрінді. Керек десе, өзіміз теңдес балалар да колхоз жұмысына көмектесуге кетіпті, сондықтан бізге де колхоз орталығында көп бос жүрудің ешбір қызығы жоқ тәрізденді.

Біз келген күннің ертеңінде колхоздың клубына кино көруге бардық. Жұмыс басындағы балалар киноға тегіс келген екен. Біз ең алдымен Ақпан, Әшім деген балалармен таныстық. Содан кейін колхоз балаларымен қосылып ойнап үйір боп кеттік. Олармен еріп біз де жұмыс басына бардық.

Ерден екеуіміз ең алдымен арбаға, шөп шабатын машинаға ат жегуді, доғаруды үйрендік.

Біз пішен басында шөп машинасына мініп, біраз істегеннен кейін, енді егінді қалай суаруды білуге ынттықтық. Егін суару бізге шөп шабудан да қызықты көрінді. Жайқалған көк егін шетіне көзің жетпейді. Саябыр ескен желге тербетіліп, толқынша толқыйды. Егіс даласы ақырын аққан лай суды құштарлана оқутады.

Бір күні Ерден, Әшім, Ақпан төртеуіміз өзен бойынан жұмыртқа іздейміз, қарақат тереміз деп ауылға кешігіп қайттық. Жүретін жолымыз үлкен тоғанды кесіп өтетін еді. Біз тоғанға таян бергенімізде, алдымыздан, тоған астынан, екі-үш қара ала қабан шығып, тоғай ішіне кіріп кетті. Менімен қатар келе жатқан Ақпан кілт тоқтай қалып:

— Айт! Айт! — деп айқай салды. Мен бейқам келе жатыр әдім. Денем піткеніп, шошып кеттім. Ерденге қарап едім, ол да мен сыяқты үрейленіп қалған екен. Сұрланған жүзінен қорқы-

ныштың ізі көрініп тұр. Әшім мен Ақпан тағы біраз айқайлады да, Ақпан бізге қарап:

— Япырмай, мыналар бүлдірмесе жарар еді, — деді.


— Кім, нені бүлдіреді? — дедім мен жулып алғандай.

— Кім болушы еді, қабанды айттам. Олар тоғанды бұзып кетпесе жарар еді, — деді Ақпан. Жабайы қабан асыранды шошқадай емес, осындай қара ала болады.

Біз бөгелместен тоғанды көруге жөнелдік. Жолда келе жатып, Ақпан бізге қабанның тоғанды қалай бұзатындығын айтты.

— Қабан шөптің, ағаштың тамырын іздеп жерді қопарады, кейде тоғанды жырып жібереді. Болымсыз бұзылған жерден баяу аққан су бара-бара молаяды да, тоғанды мүлде қопарып кетеді, — деді. Ол қабанның судан балық ұстайтынын да айтты.

Біз тоғанға келсек, Ақпанның айтқанындай-ақ, қабандар тоғанды бұзып кеткен екен, су тоғанды жырып сарқырап ағып жатыр. Оны байлап тоқтататын бізде кетпен жоқ еді. Әрі-бері етектеп топырақ төгіп көріп едік, бос топырақты су шайып әкете берді. Барған сайын жырылған жер үлкейіп барады. Бірақ ешбір дыбыс естілмеді. Өйткені, егін суарушылар алыста еді және олар



дың бұл жерге келетін мезгілі де емес еді. Ауыл алыс, біз барып хабар айтқанша, біраз уақыт өтеді, бұзылған жердің бой бермей кетуі анық еді.

Енді не істеу керек? Біз қатты қысылдық. Егер тоған бұзылса, төменгі жақтағы көп егінді суғару ісі тоқтап қалады. Біраз ойланып, неде болса, тоғанды бекітіп, егін суғаруды тоқтатпау керек, деген тоқтамға келдік. Бірақ, қандай ылаж ету керек екені бірден есімізге түспеді.

Осылай аңтарылып тұрғанда, маған женеттен бір ой түсе қалды. Ол ойымды жолдастарыма айттым:

— Егер төртеуіміз де көйлегімізді шешіп алып, оларды топрақпен толтырып, тоғанның жырылған жеріне тастасақ, сонсоң шөп жұлып салсақ, су тоқтамас па еді. Су оны ағызып әкетем дегенше, біреуіміз ауылға хабар да жеткізіп үлгірген болар едік, — дедім. Бұл ойымды қасымдағылар мақұл көрді.

Әшім әуелгі кезде көйлегін аяп, шешкісі келмеді. Біраздан кейін бәріміз бірдей қаумалағаннан кейін, шешіп берді. Осыдан кейін Әшімді ауылға жүгірттік, Ақпан шөп жұлуға кірісті. Ерден әкеуіміз көйлектерге топрақ толтыра бастадық.

Топрақ толтырылған көйлектерді әкеп, тоғанның бұзылған жеріне тастадық. Су ағысы бұ-

рынғыдан емес, тоқтай бастады. Біз қарап тұрмай әлсің-әлсің шыбық, шөп, топрақ салып, бұзылған арнаның ұлғаюына жол бермедік. Бұл кезде ымырт үйіріліп, қас қарайып та қалған еді. Ауылдан колхозшылар да келіп үлгірді. Олар келісімен біздің көйлегімізді босатып беріп, бөгеттің бұзылған жерін шым, топрақпен бекітті. Дымқыл көйлек біздің денемізді түршіктіріп, тоңдыра бастады. Мұны сезген Жылқыайдар мінәп келген арбасын бөліп, бізді тез ауылға қайтарды.

Қалаға қайтар қарсаңда бізді колхоз председателі шақырып алды. Басқарманың кеңсесінде кісі толы екен. Бізді құрметтеп қарсы алып, орындыққа отырғызды да:

— Колхозымызға тынығуға келіп, колхоздың жұмысына көп қолқабыс тигіздіңдер. Шөп шабу, егін суғару жұмыстарына көмектесіңдер. Тоған бұзылып, егін суғару жұмысы тоқтап қалу қауіпі туғанда, сендер жан сүйсінерлік іс істедіңдер. Сол үшін барлық колхозшыларымыздың атынан сендерге алғыс айтамын, — деді колхоз председателі.

Біз орнымыздан тұрып:

— Ленин — Сталин ісі үшін күреске арқашанда дайынбыз! — деп колхозшыларға салют бердік.

Ертеңінде біз қалаға жүріп кеттік.



О Т А Н

Ж. МОЛДАҒАЛИЕВ

Түнің тұрсам құшағында,
Түссен Сен есіме.
Түнде Сені көргім келіп,
Қараймын мен тесіле.

Түй түндігін түріп ашып,
Түпекті Сен серпесін.
Жадырайсың теуіп тастап,
Түнің тұйық көрнесін.

Орге біткен ой өзені
Орден өршіп ағады.
Сол өзеннен Сені іздеп,
Жағалаймын жағаны.

Ашық айдың айдындағы
Сәулесіндей жүзінді

Көріп, сонда жүзіңнен мен
Көремін өз жүзімді.

Қыял құсы шыңнан асып,
Шырқап қапат қағам.
Асса да одан, Сенен аспай,
Бір өзіңе барады.

Өрлеп өмір баспасымен
Шығып, шыңнан биікке
Қарасам да, тұрасың Сен
Бәрінен де биікте.

Тарихтан да таба алмаймын
Сендей нұрлы сұлуды.
Сәулеттісің, ыстықсың Сен
Күн көзіндей жылулы.

Талай заман әріде де,
Беріде де сендей боп,
Өзін мұнша сүйдіргендей
Еш бір елде болған жоқ.

Жарақ алып жауға шапсам,
Жаныма Сен ересін.
Жанның шөлін қандырасың,
Жауды жеңіп бересін.

Жауса жаңбыр, соқса дауыл
Панаңа да аласың.
Өз анамдай қамқоршы боп,
Қорғап мені қаласың.

Сен, Отаным, еңбекте де,
Егесте де ұраным.
Қайда болсын, күндіз-түні
Сені көріп тұрамын.



(ЖАЛҒАСЫ БАСЫ ӨТКЕН САНДАРДА).

Михаил ПРИШВИН

Суреттерін жасаған Н. ЛЕБЕДЕВ.

V

Қос ағаш бірі-бірімен мұндақандай күкіреніп тұр. Антипычтың күзет лашығының жанында аузы опырылған картоп урасы болатын. Сонда жатқан Травка дейтін тазы иті, мұң мен зарға мас болғандай шыға келді. Қос ағаштың мұңына-мұңын, үніне-үнін қосып, біраз ұлып алды.

Көптең бауыр басқан мекені—жертабандары үңгірінен осыша күзгін сәріден шыққандай, бұйығып жатқан жылы орынын суытқандай ит шіркінге не болды? Иттің ағашқа мұңайып, тіл қататын не орны бар еді?

Со күні таң сәріде қос ағаштың бірдеме деп былдырлап, ышқына, ыңырана үілдегені кейде бір тоғай ішінде жоғалған я біреу тастап кеткен жас баланың жылағаны сыяқты, төбе күйқанды шымырлататын тәрізді.

Травканың дегбірін алып, шыдатпаған осы еді. Хасірет даусын естігенде, қабырғасы сәгілді. Іші-бауры пәре-пәре боп, уясынап қысқа түнде қырық шығып, қырық кірді. Тамырлары өрімдей байланып, шырмауықтай оралып, бұтақтары сүліктей қадалып, мәңгі тіктесіп шабақтасып тұрған қос ағаштың жылағанын естігенде, ит шыдап тұра алмады: ағаштардың мұны байғұстың өз қайғысын қозғап кетті, өз күйігіне ұқсап кетті.

Травка өмірінің күні қызарып барып батқалы, бақыты сөнгелі, міне, табандатқан екі жыл өтіпті. Бұдан екі жыл бұрын Травканың жанындай жақыны, тоғай күзетшісі, ежелгі аңшы, иесі Антипыч қайтпас сапар шеккен еді.

Сол Антипычке, аң аулауға шыққанда бұрыннан барып жүретінбіз. Осы тоғайдағы күзетшінің лашығында ол тұрғалы қашан. Тұра-тұра, өзінің нешеде екенін де ұмытқан болар. Тіпті бұл шалдың жаны дүлдүл шығар мәңгі өлмес деп ойлаушы едік.

Біз келіп:

—Нешедесіз, Антипыч? Бір сексен бар шығар?—дегенімізде:

—Оларын аз ғой деп жауап беретін.

—Жүз ше? — десек:

—Бұл көп, — дейтін.

Жасын білсе де, ойнап тұрған шығар деп, тағы сұрайтыбыз:

—Антипыч қалжыңды қойыңызшы, шыныңызды айтыңызшы: жасыңыз нешеде дейміз?

—Сендерге мен шынымды айтайын, әуелі сендер маған мынаны айтыңдаршы: осы шындық

деген бар ма, шындық қандай болады, қайда тұрады, шындықты табуға бола ма? — деді.

Біз бұған не дерімізді білмей қатты қыйналдық. —Сіз, Антипыч, жасыңыз үлкен ғой, шындықтың қайда екенін, мүмкін, бізден гөрі өзіңіз жақсырақ білерсіз, — дедік.

—Білмеймін, — деп жымыйды Антипыч.

—Ендеше айтыңыз.

—Жоқ, тірі күнімде айта алмаймын. Өздерің іздеп көріңдер. Егер өлер алдымда келе қойсаңдар, сонда бар шынымды құлақтарыңа сыбырлап кетермін. Келіңдер!

—Жақсы, келелік. Бірақ жазым боп, көзіңнің тірісінде келе алмасақ, сіз, біз келгенше олай-бұлай боп кетсеңіз, қайтеміз?

Біреумен ойнап, жадырап күлгісі келгенде, өзінің алдымен көзін сығырайтатыны бар болатын. Бұ жолы да сонысындай, қулағын көзіне қысып қойды.

—Ей балапандар, сендер оқас емессіңдер. Өздерің білетін де уақыт жетіп еді ғой. Сендердің әлі күнге сурап тұрғандарың мынау. Көңілдерің қалмған балалар едіңдер, болмас енді, болмас: өлерімде қасымда сендер жоқ болсаңдар, Травканың құлағына сыбырлап кететін.

—Травка! — деп айқайлап итін шақырды.

Шарбақ үйге еңгезердей сары тазы еніп келді. Сары арқасының ұзын бойына тартылған қара қайысы бар. Көзінің астыңғы жағындағы қара жолағы көзділік сыяқты бүгіліп белдеуленіп тұр. Көздерінің баданадай боп көрінетіні содан екен. Сол үлкен көздер:

—Ием-ау, неге шақырдың?—деп мәлдіреді.

Антипыч өзгеше бір көзбен бетіне қарап еді, ит адам ойына түсіне қалды оны басқа бір деңгеге емес; жолдастық ниетпен, әншейін бір, ойнап, көңіл көтеруге шақырған екен. Мұны білген Травка еркелеп, құйрығын бұлаңдатты. Төрт тағандап тұрып, жерге қарай бірте-бірте майысын келіп, сырғый-сырғый шалдың тізесіне таман жетті де, шалқасынан жатты. Керіліп жатқан ақ шабдар бауырда алты пар қара емшектері жоғары қарап жыпырлап тұрды. Антипыч, бауырынан сыйпайын деп, қолық созуы-ақ мұң екен, жатқан тазы жалма-жан ушып түрегеліп, алдыңғы екі аяғын шалдың екі бүйіріне арта салып: мұрнынан да, бетінен де, тіпті ернінен де жалап шөп-шөп еткізді.

—Болады енді, қоя ғой, — деді қарт, тазысының көңілін жұбатып, бір жағынан өзінің бе-

тин жеңімен сүртіп жатып.

Басынан сыйлап тұрып:

— Қане, жетеді енді, орныңа бара ғой, — деп еді, Травка қора жаққа бұрылды да, шырып жүре берді.

— Әнеки, жігіттер, Мынау Травка ит болса да, бір сөз айтсаң, бәрін түсінеді. Ал, сендер, ақымақтар-ау, шындықтың мекенін менен сұрайсындар. Жарайды, айта-ақ қояйын. Желіндер. Келе алмасандар, бәрін Травкаға сыбырлап айтып кетермін, — деген еді.

Міне, Антипыч те дүниеден өтті. Содан кейін көп кешікпей Ұлы Отан соғысы басталды. Антипычтың орнына ол өлгелі басқа күзетші қоймап еді. Марқұмның күзет лашығы айдалада құлазып, жүдеп қалған. Өзі Антипычтен де көрі, тозығы жеткен үй екен: тіреулерге ғана ілініп, қаусап тұр. Бір күні жел үп етіп: иесіз үйді басынғандай, келеке етіп, ойнақтап өтіп еді, — ілдәлдемен тұрған үй ғой, — күлдір етіп құлап түсті. Жас баланың үрлеген дем ұшырып жіберген қағаздан істеген қуыршақ үй сыяқты құлады. Бір жылдың ішінде құлаған бөренелердің ара-арасынан үй орнына шыққан шай-қурай білбік, қыпқызыл. Тоғай етегіндегі тоқымдай ашық алапта тұрған үйдің орны үйінді-төмпешік боп қалған. Төмпешіктің үсті шай-қурайды жамамылып, өртеңдей, қызара бөртіп тұр. Үй құлағаннан ке-



йін Травка қартөп ұрасынан орын тепкен. Содан бері тоғай ішінде, аңдар сыяқты, өмір сүріп келеді.

Жалғыз-ақ Травкаға тағы өмірдің жат салтына үйренгенше қыйын болды.

Ол аң қуса, өзі үшін емес, өзінің ұлы және рахымшыл-әділ немересінің, деп, бір ғана Антипычке бола қай-сорпа болатын еді. Жымылып, ағың бара жатқан қоянды талай рет зымырап барып, қағып түсетін. Алған қоянын, Антипыч келгенше, астына жумарлап басып жатқаны. Тіпті аң өзегі тілеп тұрса да, қоянды жеуге аузы бармайтын. Антипыч әлде қалай келмей қалған күндері: қояның тістеп алады: сосын былғақтамасын деп, басын көтеріңкіреп—айдынданып, үйге әкелетін. Тазы Антипычке осылай қызмет қылатын. Өз басына қам жемейтін. Оған орай иесі де тазысын жақсы көруші еді, күтуші еді, қасқырлардан сақтаушы еді. Енді мынау: Антипыч болса—өлген. Тағы аңдардың қай-қайсысының де со ғой: тазы енді өзі үшін өмір сүретін болды, қара бастың қамын ойлайтын күн туды. Енді қоянды ұстап өзі жеу үшін қуатыны, аң қуудың қызуы үстінде есінен бір емес әлде неше рет шығып кетіп жүрді. Аның қызығына батқан шақта өзін-өзі ұмытатыны сонша, алған қоянын Антипычке берем деп малданып, үйге алып келеді... Сондай кездерде қос ағаштың

күңренгенін естисе, бір кездегі үйі болған төмпешікке шығып алып, ұзақ-ұзақ ұлайтын еді, жылайтын еді. Бұл сарыңға Көк жал бөрі көптен құлағын тігуде.

VI.

Антипычтың үйі Құрғақ сайдан қашық емес еді. Құрғақ сайға бәздің қасқыр соққыш жігіттер, — бұдан екі-үш жыл бұрын, тұрғын елдің тілегі бойынша, келіп қайтқан болатынбыз. Осы төңіректе, Құрғақ сайдың бір жерінде, бір үйір уялас қасқыр барсың-ау деп, жергілікті аңшылар аңғарады. Біз, шаруалардың шақыруымен болысайық деп келгенбіз ғой, — азулы аңдармен аяқас бастап, тәртіп-тәртібімізбен іске кірістік.

Түн жамамылып, Тентек сазға барып ап, қасқыр боп ұлып ек, Құрғақ сайдағы барлық бөрі шү етіп қоя берді. Енді бұлардың қанша екені, жатқан жері мәлім болды. Құрғақ сайдағы аң көңір құлаған ағаш, қалың жынысты мекендейді екен.

Осы арада баяғыда су мен ағаш соғысыпты. Ағаштар мына жағаларды ұстап тұрған біз, біз осы жерді қатайтып, құйқаландыру үшін тұрмыз деп жонын көрсетеді, жол бермейді. Су өзінің бостандығын жеңіп шықты. Ағаштар тізе бүкті, құлады. Сонсоң судың өзі де батпаққа жайылып, жоқ болды. Қоқсық-шіріктер мен жығылған ағаштар иірім-иірім, буда-буда, қатар-қатар үйіліп, дөңкіп-дөңкіп жатыр. Ара-арасында өскен шөптер, көген сыяқты гүл бұршақты шыр-мауық желісін тартып, жіп-жіп жас бәйтеректерге оралған. Сөйте-сөйте нағыз мықты мекен, тіпті өзімізше, аңшыларша айтқанда, қасқырлардың бекінісі боп шыққан.

Қасқырлардың жатқан жерін білдік те, шаңғымен орағытып бір айналдық. Шаңғының ізі ұзындығы үш шақырым, қос сызықты шеңбер болды. Шеңбер іздің өң бойындағы ағаш бұталарға арқан кердік. Арқанға жабалата, шымылдық сыяқты, қызыл жалаулар ілдік. Жалауларда аңқыған бір иіс бар еді.

Қызыл түстен қасқырлар өлердей қорқады. Қызыл шүберектің иісі де зәресін алады. Оның үстіне ағаш арасынан үп еткен жел тұрткілеп, жалаулар, жылт-жылт еткен оттай, бұлж-бұлж қозғалса, қасқырлардан үрей кетеді.

Жұбын жазбай тігілген жалаулардың арасынан мерген басы бір-бір есік шығардық. Әр есіктің аузында қою шыршаны бетке ұстап «қанды басың бері тарт» деп бір-бір мерген тұр.



Қайырушылар ептеп дауыс шығарып, сойылдарын сартылдатып, қасқырларды өргізді. Қасқырлар әуелі ақырын өз жайына жүре берді. Қаншығы алдында, бір қар көрген бөлтіріктерін соңына ергіп, кетіп барады. Бәрінің артың ала, бір бүйірде, жеке өзі жайтандап, оқшау, кетпек маңдайы көпті көрген, талайды жер соқтырған

қанды ауыз, шаруаларға аты мәлім Көкжал деп аталатын бөрі кетіп барады.

Қасқырлар аяғын байқап шекіп басып барады. Қайырушылар енді тықпалай түсті. Қаншық қасқыр бұлайдай жөнелді.

Кілт етіп тоқтай қалды... Алдында жалау.

Басқа жаққа бұрылып еді, тағы да алдында жалау.

Қайырушылар өлгіден де қыспаққа алып, өкшелей түсті. Көрі қаншық азғантай есінен айрылды. Сергелдеңге түсіп, ана жақта бір мына жақта бір тіреліп қап жүріп, өлдім-талдым дегенде бір тесікке келе беріп еді, — есік алдында он қадам жерде бағып тұрған мергеннің оғы басына кеп сақ етті...

Қасқырдың бөрі осылай жусап қалды. Бірақ, көкжал мұндайдың талайын көрген жырынды өккі еді: алғашқы «гүрс» еткенді ести сап, жалаулардан бір-ақ қарғыды. Секіре бергенде, қатарынан басып қалған екі оқтың бірі сол құлағын жұлып кетті, екіншісі қуырығының жартысын қығып түсірді.

Көп қасқыр қырылды. Оның есесіне Көкжал аранын кең ашты: бір үйір қасқырдың бір жазда жейтін қой мен сыйырын бір өзі жәукемдеді. Көкжал арша ағаштың қалтарысында бұғып басылап тұрып, малшылардың малдан аулақ кеткенін, болмаса ұйықтар кезін күтетін. Сәті келді — ау деген кезде, жайылып жатқан малға атқойып тиіп: қой болса — бауыздап, сыйыр болса — жаралап, жарып, қорқыратып кетеді. Содан кейін бір қойды арқасына салып ап, ойпан жерден орғып, қырлау жерден қарғып Құрғақ сайдағы тұмсық батпас түнегіне жеткенше зытатын еді. Қысты күндері мал өріске шықпайды. Қораға түсудің де реті келе бере ме? Сол себепті қыс болса, көбінесе, қыстақтағы иттерді алып кетіп, соны жейді. Әбден ары кеткен жүзқара бір күні тіпті иесімен бірге шанағын артынан

еріп келе жатқан итті шанаға қуып тығып, бақырайтып отырып, иесінің қолынан жұлып әкетті.

Көкжал бұл өлкедегі елге келген қомағай тажал еді. Бізді тағы шақырды шаруалар. Біздер келіп, бес рет жалаумен қоршап, ұстамақ болып ек, бесеуінде де жырынды неме жалауларымыздан қарғып кұтылып кеткен болатын. Сол Көкжал дірдектеген суық пен бүгілген аштыққа толы қыстың қытымыр күндерін басынан өткізіп, қардың жылт етуіне жетті. Енді інінің түбінде жадыраған жаз келіп, қыстақтағы малшылардың сырнайлары тартылатын күн туса деп, шыдамсызданып жатыр.

Сол, екі бала ұрысып қалып, екі жолмен кетіп бара жатқан күні, таңертең Көкжал аш және ашулы жатыр еді. Қара дауыл таңертеңгі тұнықтықты лайлап, қарауытып кеп, Қой тастың түбіндегі қос ағашты тебіrentкенде, бұда шыдай алмады. Інінен сыртқа шықты. Үйілген араш дөңінің үстінде, басын көкке көтеріп, онсыз да инеліктей жабысып сеніп қалған інін тарта түсіп, жалғыз құлақты желге төсеп, шолақ құйрықты тікірейтіп қойып, ұлып тұр.

Ұлығаны қандай зарлы еді. Ей, көлдененді көк аттым, осы боздаған, жүдеген дауысты естірсін. Аял рахымың да түсер. Сонда, сен, сенбе оның жалынғанына: ұлып тұрған адамның асыл досы, жантапыры — ит емес. Ұлып тұрған қасқыр, адамның ата жауы. Адамға оның жаны өш. Өз түбіне жететін өштік. Ей, көлдененді көк аттым, аяушылық сезімді сақтай тұр. Қасқыр сыяқты құлақын үшін ұлығандарға емес, иесінен айрылғын иттей кімге еңбек сіңіретін білмей жетімсірегендерге деп сақта.

(Жалғасы бар).

Аударған

И. ЖАРЫЛҒАПОВ.



Г Ы Л Ы М

Ғылым десе күндей шалқып,
Күндей шалқып шаттанам.
Ғылым десе бойым балқып,
Қолым созып құмартам.

Ғылым десе ой, тілегім
Көңліме кеп қонады.
Ғылым десе жас жүрегім,
Аттай тулап соғады.

Ғылым десе бойда қаным
Болашағын сезеді.

Жарқыратып ойдың шамын
Жер жиһанды кезеді.

Ғылым десе мыйға бәрін
Алғым келед қотарып,
Ақылгөйі ғалымдардың
Мұраларын қопарып.

Ғылымды айтса ойланамын,
Еш қайда бет бұрмаймын.
Әңгімесін дана адамның
Ықыласпен тыңдаймын.

Қудыретті бір күш жанды
Алға қарай демеді.
Сондықтан да кітаптарды
Оқый бергім келеді.

Меңгеріп ап ғылым сені
Жаңа өмірге шағармын.
Сонда болып жас мамам
Жаңалықтар ашармын.

Аманжол ШАМҚЕНОВ.

Көк жалыны



Ә. СӘРСЕНБАЕВ

Дастан
(Жалғасы, басы өткен санда.)

Суреттерін жасаған К. БАРАНОВ

Қайыңды орман

1

Дәл майданның жиегінде
Ақ қайыңды қалың орман.
Іргені аулақ салғандай-ақ
Үрпек басты қарағайдан.
Тым сындары біткен тіп-тік
Ақ сүйріктей сырықтары,
Сырласқандай әлде не деп,
Сыбырласып жапрақтары.
Такаббарсып төбесіне
Көк шатырдай ұстап аспан,
Түр сәнденіп, соғыс атты
Тузағыңа бағынбастан.
Бейнесіндей біздің елдің
Мойымайтын сәтсіздікке,
Қағып жаңбыр тамшыларын,
Алақаның тосып көкке.
Сусағандай тәтті өмірге,
Қорек іздеп көк пен жерден
Маңғазданып ырғалып тек
Таң алдында соққан желмен.
Жер ананың құшағына
Енген терең тамыры оның,
Қопара алмас мейлі күн-түн
Соқсадағы дауыл, желдің.
Мүмкін соғыс өрті шарпып,
Оқ омырар сырықтарын.
Бірақ, тамыр-өмір гүлі
Өркендетер жапрақтарын.
Көрер ем мен ақ қайыңды,
Иір бұтақ еменмен тең,
Оба алмассың, өлім, оны
Соғыс атты тұзағыңмен.

2.

Жол, жыландай шыйратылып,
Арасынан ақ қайыңның
Өтіп жатыр күншығысқа
Қырка қыйып тау аңғарын.
Ішегіндей домбыраның
Сом темірді төсең жерге,
Қарамайлы бөренеден
Қатар-қатар тағып перне.
Ызылдайды бебеу қағып,
Сырықтардан үзілген сым,
Тұндырғанды құлағыңды
Қоңырауланып тек дың да дың
Атып келед таң бозарып,
Көк түндігі жабық, бірақ,
Жыртылғандай шатыр аспан,
Үдеп жаңбыр түр сорғалап,

Жүр ішіне мойын тартып,
Бір жат жерлік көк шинелді.
Шағын ғана сайдан өтер
Қадағалап тас көпірді,

Есінейді оқтын-оқтын,
Таң ұйқысы бойын билеп,
Қалғып кетіп қайсы кезде,
Бағынғандай басын изеп...

Тас көпірдің тасасында-
Жатыр екі сыйқырлы адам,
Ішке тартып тыныстарын,
Әлде кімнен сыр ұрлаған.

Аңдығандай көк шинелдің
Әрбір қадам басқан ізін,
Бейне долы қырандайын,
Шолып түгел төңірегін.

Тілдеседі тек ымменен,
Басын изеп мылқау жандай,
Неңдей өткір қарашықтар,
Өрт жалыннан жаралғандай!



Тағы есінеп жау солдатты,
Шығарған соң ұйқы есін,
Қалтасына қолын салып,
Алдыдағы темекісін.-

Тұтатпақ боп, бұқты ол жерге,
Ағытып ап түймелерін,
Көлегейлеп қалқан етіп,
Көк шинелдің етек, жеңін.

Осы кезде арыстандай,
Атып тұрды әлгі екі адам,

Түні бойы бұғып жатқан
Тас көпірдің тасасынан.

Көз ілеспес еді олардың
Қыймылына құйындаған,
Көк шинелді бүрді бірі
Бас көтертпей орынынан.

Суық қанжар жат жерліктің
Түйреп өтті көкірегін,
«Сыбағанды ал, жауыз пенде,
Өлім іздеп келген өзің!»..

Бұл кезде оның жанындағы,
Жас нәресте бойы шағын
Тар жол табан темір жолдың
Қазып болып топрағын,

Бір нәрсені орнатты да
Асығыстау бетін жапты..
Сөйтті де, олар аялдамай
Жол бойынан аулақ қашты.

Неге олай, неткен үрей?
Төніп тұрған қатер бар ма?
Қайыңды орман ашты қойнын
Көлегейлеп екі адамға...

Бірақ олар кетпеді ұзап,
Орын алды сай бойынан,
Неткен дүбір, жер жаңғыртып,
Рельсті гүрс-гүрс ұрған?

Будақ-будақ қою түгін
Қара бұлттай қаптап жерді,
Неткен кенет ащы айғай?
Төңрек түгел күңірөнді.

Жылт-жылт етед екі сәуле,
Түнөк дүние түкпірінде,
Жанды жалмар албастыдай,
Жүйткіп келед шойын дене.

Қалш-қалш етіп соғып бүйрін,
Өңешінен шашып жалын,
Үсті-үстіне айғай салып,
Бойға жыйып аруағын.

Тұла бойы зеңбіректер
Ірілі-ұсақ тізіп салған,
Лек-лек керуен көш
Көз жеткісіз шұбатылған.


Жүйткіп жөезд тас көпірді
Табанына басқан кезде,
Кенет қою түгін қаптап
Көпірге көк тұтты перде.

Сәлден кейін шатыр-шұтыр,
Шықтыдағы бір ащы үн,

Серпіп салды көр дегендей,
Көшкіл түгін перделерін..

Толқын тепкен кемедейін,
Қайқаң етіп шойын дене,
Тұмсығымен суды сүзіп,
Тас кесектей ушты өзенге.

Тағы да ұзақ шатыр-шұтыр
Түйіскендей жер мен аспан..
Бебеу қақты пулеметтер
Та-та-талап жан таласқан.



Жау солдатты қаптап кетті,
Орман ішін оқпен «тарап»,
Манағы екеу өкпелерін
Қолына алып қашып барад.

Уа, Сүйінші! Әне Темір,
Кеше бізді адастырған,
Бірақ, бауырым, қаш тезірек,
Сақтан, сақтан жау оғынан,

Жүйткісеңші сайға түсіп,
Етегіңді түріп белге,
Құйындатып көз ілеспес,
Құм суырған ұсап желге.

Майталман-ай, жан жолдасы
Оқ қадалып жүрегінен
Құлап түсті, кетті талып,
Көтермеді басын жерден.

«Жүр, бауырым, жүр, ағатай!
Бол тезірек, сүйен маған,
Жау көзінен тасаланып,
Түсейікші сайға таман.

«Содан кейін..»

... Сүйен, ағай! ... »
Тіл қатпайды менреуленіп,
Шыбын жанын тапсырғандай.

Жас нәресте серігінің,
«Ой бауырым» деп сүйен басын
Саусағымен бірер минут
Тұрды сыйлап оуыра шашын.

Жөнел дереу, қоштас, бауырым,
Хаснеттеп кек кұрбанын,
Туған елдің намысы үшін,
Сүттей таза берген жанын

Уа, сұмдық-ай, түтеп кетті-ау,
Оғы түскір та-та-талап.
Бол, бауырым, жөнел, жөнел!
Келіп қалды жау анталап...

Селк етіп ол оянғандай,
Ұйқысынан енді ғана,
Маңдайынан сүйіп достың,
Сүнгіді ақ қайындарға.

Жалынды жас нәрестенің,
Оқ ыскырып кесіп ізін,
Сылқ-сылқ күліп тіміскілеп,
Торыды ажал төңірегін,

Қайыңды орман арасында,
Барад бала зыр жүгіріп,
Жүйткіп бейне ақ бөкендей
Екі етегін белге түріп.

Кейде бұғып, кейде қарғып,
Мазак етіп ажал сұмды,
Жаңа іргеден сығалаған
Маңдайына ұстап күнді.

Уа, өкініш, құлап түсті,
Басып Темір көкірегің,
Салмақшы ма, зұлым тағдыр
Жалын жасқа у шеңгелін?!

Жоқ, оқушым, кешір, кешір!
Тағы тұрды өжет бала.
Мойын сұмба, өмір ұлы,
Өлім атты жалмауызға!



Сүйретіп ол оң аяғын,
Қан сорғалап жарасынан,
Бара жағты ашу кернеп,
Секілді бір долы арыстан.

Жылжып барып терең сайдың
Құлап кетті кемерінен,
Кешір, кешір, бауырларым,
Тағы айрылдым Темірден мен.

Көз жазды да нысанадан
Баяулады оқ тізбегі.
Тірі ме екен жас балдырған,
Қандай болмақ келешегі?

Бүгін кім?

Сағат сайын, күн сайын
Дейді, — қалқам, қарағым
Еркелетіп әр дайым,
Бір шытпайды қабағын.

— Әзірленбей қалмасын, —
Дейді, — қалқам сабағың,
Дәптеріңде болмасын
Ізі жаман бағаның.

Көз әйшегің алады,
Дәптеріме үніледі;
Көріп «бестік» бағаны,
Күлім қағып сүйіледі.
Маған арнап тоқыды,
Жылы қолғап әлемі,
Әшекейлеп жібекпен,
Өрнек салып әдемі.

Ішек-бауры елжіреп,
Шың егіліп, беріліп,
Қашан көрсем тұрады
Мейірімі төгіліп.

Жаныма кеп әр күні
Әңгімені шертелді.
Түрлі қызық, күлкілі
Айтып беред ертегі.


Кім туралы жырладым,
Кімді отырмын мадақтап,
Мен айтпай-ақ қояйын,
Ал, балалар, ойлап тап!

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ

Таныс торғай

Есенбісің, сұрша торғай?
Келісің ұшып бұл жаққа,
Таныймын, сені досым-ақсың
Болдың қайда бірақ та?
Өткен жылғы алма ағашым
Сол орнында әлі де тұр.
Сен қонсын деп, алма өссін деп
Сақтап қойдым мойныңды бұр!
Сол күз күз, өзің көрдің
Талша-талша алма алғамын.
Қоймасына колхозымның
Бірін жемей ап барғаным,
Сен де маған серік болып,
Күзетісіп жүріп едің.
Ала құрт пен қара құртты,
Бас сап қоймай қырып едің.
Күз жеткенде, хош дедің де,
Кетіп қалдың алыс жолға,
Әлде жазда тос дедің бе?
Таныс торғай, айтшы сонда.
Быйыл саған тоғыз ағаш,
Қоса егіп бақ жасадым.
Шарла еркін, сен бақшаны
Көр еңбектің тамашасын.
Торғай тілін кім біледі,
Ол өзінше шырлап бақты.
«Келдім, — деген мекен етіп,
Жауабы өді: жылы аймақты.»

К. БОРАМБАЕВ



Болат қорытатын цехтің ішкі көрінісі.

Бұрын бұл қала картада жоқ еді. Оның орны құлазыған қу дала болатын. Онда өсімдіктен боз қараған мен көде ғана өсетін. Бұл дала өте сәнсіз еді. Ол маңда інісіп басын қылтйтып қараған суырдың ғана үні естілетін, жыртқыш аңдардың ғана ізі кездесетін.

Қазір бұл жер қырмызы күндызындай құлшырды. Мұнда жаңа қала салынды. Ол қала Темірғау деп аталады.

Бұл қаланың «Темірғау» деп аталуында терек сыр бар. Қазақстанның болат қорытатын ең тұңғыш заводы осында.

Ұлы Отан соғысының үшінші жылы еді. Темірғау құрылысына жан-жақтан адамдар келе бастады. Сонау туысқан Украинадан, даңқты Орал заводтарынан, ту Қыйыр Шығыстан келген мамандар қазақ жігіттерімен тізе қоса отырып, болашақ заводтың, пәгер үйлердің ірге тасын қалады.

Жаңа қаланың құрылыс жұмысына жастар да лек-легімен келе берді.

Тақтай тілген араның, балташының бал тасының, ұстаның балғасы мен көрігінің, кірпіні күйшіні мен үй қалаушының дабылды үндері күші-түні бірдей бір тынбайды. Олардың қызу жұмыс үстіндегі қыпмылынан шыққан үн құрылысшылар клубында шырқалған әнге ұласып, тыңдағанның күлақ құрышынан қандырды. Палуан білек, батыр қолдар белгіленген мерзім ішінде жаңа заводты, жаңа қаланы салып бітірді.

Жаңа қаланың дәл ортасында тұрған алып қызыл кірпіш үйлер металл қорытатын заводтың цехтары.

Ол, Қарағанды су электр станциясы, деп аталатын үлкен үйге іргелес салынған.



Оған кіріп барсаң, арнадан сарқырап ағып жатқан қып-қызыл сұйық затты көресің. Ол—болат. Оны сондағы мартен пеші қорытып шығарады.


Бұл пештің алдарында көздеріне жасыл әйнек киіп, қолдарына ұзын көсеу темір алып, көптеген адамдар жүр. Олар-болат қорытушылар.

Қарқаралының жас малшылары Әбу Иманғалиев пен Қасым Тұралин бірге жүріп, бұл заводтың ірге тасын бірге қалады. Ал, Днепропетровскіден келген шебер құрылысшы Герасим Курбак оларға оқытушы болды.

Болат қорытушылардың арасында Алтынбек Дәрібаев та жүр. Оның жасы онтоғызда ғана. Ал, ол болатты судай сапырып, майдай ерітеді. Оның шеберлігіне бүкіл завод коллективі сүйсінеді. «Біздің Алтынбектің қорытқан болаты алтыннан да қымбат», деп мадақтайды оны достары.

Өткен жылы завод болатты тәулігіне

ТҰРАП ҚУ
 Бесжылдан
 Туған жер
 Тақыр шөл
 Тұрар күлі
 Жатар көл
 Қарай қалса
 Поезбенен
 Араларсын
 Нұр жүзің
 Сүйіспендік
 Сен барарсың
 Қаласуға к
 Ержетерсің
 Іс атқарып
 Құлпыртар
 Өзің өскен
 Ұлдары бар
 Жер сұлуы
 Күншығыста
 Қазақстан
 Оқы осыла
 Өрге басты
 Жеткізеті
 Сүй мектеп



Темірғаудағы қаза



ИП САН ҚАЛА
 соң қарашы,
 көз сала,
 орнаған
 сан қала.
 пен темір жол,
 қартаны.
 онда сен,
 Арқаны.
 н көрсетіп,
 шат пішін,
 зор алып
 пішін.
 өсерсің,
 ардақты.
 ың тағыда,
 ймақты,
 ғалымпаз,
 менмін дер.
 н жарқырап,
 үлдімдер.
 болам деп.
 талапты.
 мақсатқа,
 пен кітапты.
К. БАЙЗАҚОВ

бір-ақ рет қорытатын еді, қазір тәулігіне үш рет қорытып үлгіретін дәрежеге жетті.

Заводтың солтүстік-шығысында айнақ шағаладай жаңа үйлер салыпған. Бұл үйлерде токарьлар мен слесарьлар, болат қорытушылар, инженерлер мен техниктер, мұғалімдер тұрады.

Өткен жылы жаңа қаланың балалары үшін орта мектеп үйі салынды. Жұмысшылар үшін үлкен театр ашылды. Қазір мұнда ондаған жұмысшы клубтары жұмыс істейді.

Қаланың дәл ортасында демалыс бақшасы бар. Оның ағашының көбін комсомолдер, пионерлер және мектеп оқушыларының өздері өсіреді. Онда терек те, қара ағаш та, тал да, қарағай да, шілдік те бар. Жаздың күндері оның ішіндегі көкөрай шалғыны мен тамаша гүлдері нұрдай жайнайды. Қала пионерлері бұған өте жиі келіп, әңгіме, жыйын өткізіп, металшы стахановшылармен кездесулер ұйымдастырып отырады.



Болат қорытушы Алтынбек Дәрібаев.

Теміртау қаласының іргесі күн санап осылай кеңіп келеді. Бығыл мұнда жаңадан тағы да 200 пәтер үйі салынбақшы.

Міне, Теміртау қаласы республикамыздағы қалалардың қатарына осылай қосылды.

Бұл қаланың болашағы жастардың өмірімен де, оның іскерлігімен де, шеберлігімен де өте тығыз байланысты. Өйткені, қазіргі завод пен пәтер үйлерін салып жатқан туған-туысқандарымыздың көпшілігі жастар. Осы қала, ондағы заводтар мен пәтер үйлер, театрлар, көркем бақшалар адам баласының, жас өспірімдердің болашағы үшін салынып жатыр.

Енді екі-үш жылда бұл қалаға электр поезымен баруға болады. Ол тіпті таңқаларлық іс емес. Ол кезде Теміртауда тұрып, Қарағанды қаласындағы институтта оқуға болады. Сабәққа барып келуің еш уақытта да қиындыққа соқпайды. Жаңа қаланың болашағы осындай. Жаңа қаланың өзі де өсіп келеді, оның адамдары да өсіп келеді.

Оның кірпішін қаласқан, орденді Үкен Тұрмағамбетов 16 февраль күні Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. Үкенді қаланың көрі-жасы түгел біледі.

Бұл қала республикамыздың үлкен қуанышы. Ол келешекте бұдан да гөрі гүлдене береді. Бұл сталиндік төртінші бесжылдықтың ішінде үлкен өнеркәсіп орталығы, сонымен қатар мәдениеттің алтын бесігіне де айналады.

Ж. ҚОНАҚБАЕВ.



металлургия завоам.

ӨКЕ МЕН БАЛА

Бір адам 10 жасар баласын ертіп, егіннен жаяу қайтып келе жатады. Жолда жатқан бір ескі тағаның сынығын көріп, әкесі баласына:

—Балам, ана тағаны ала жүр!—дейді. Сонда баласы әкесіне:



—Сынық қалған ескі тағаны алып не қыламыз!—депті. Әкесі өшпөрсө айтпай, тағаны алыпты да, жүре беріпті.

Қаладың шетінде темірші ұстаға тағаны үш тыйынға сатыпты. Ол ақшасына шие сатып алып орамалына түйіп, өзі шетінен бір-бірден алып жеп, баласына қарамай жүре беріпті. Біраз жүргеннен кейін әкесінің қолынан бір шие жерге түсіп кетеді. Әкесінің соңында шиеге қызығып келе жатқан бала шиеді дереу жерден алып, аузына салады. Шамалы жүргеннен кейін әкесі тағы бір шиеді тастайды, бала тағы алып жейді. Тағы тастайды, тағы алып жейді. Сонда әкесі баласын тоқтатып тұрып былай депті:

—Көрдің бе, балам? Бағана жамансынып жерден біреуі еңкейіп алуға ерініп едің, енді сол ескі тағаның ақшасына алған шиеңіз жерге түскенін теремін деп, бір еңкеюдің орнына үш еңкейдің. Мұнан былай есіңде болсын: аз жұмысты қыйынсынасаң, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың,—депті.

ЖАМАН ЖОЛДАС

Екі дос жігіт жол үстінде келе жатып, бір аюға ұшырасыпты. Бұл екі жігіттің біреуі әлсіз-ауру екен де, екіншісі мықты жігіт екен. Аюды көрген кезде әлгі мықты жігіт ауру жолдасын кейін тастап, өзі жүгіріп барып бір ағыштың басына шығып кетеді.

Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені болмай, жерге етбегінен түсіп, өлген кісідей, дем алмастан жата қалады. Өйткені, аю өлген кісіге тимейді екен. Аю бұл жатқан жігіттің қасына келіп, ісіккелеп, дыбысы, демі білінбеген соң жөніне тартып кетті.

Аю кеткен соң манағы жолдасы араштан түсіп, ауру жігіттен сұрапты:

—Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті? Сонда ауру жігіт тұрып:



—Аю құлағыма ақыл сыбырлады; екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын, өзінің ғана басын қорғайтын «дос» пен жолдас болма, деді,—депті.





Ж А Я У Ж Ы Р А У



Бұл бұдан 75 жыл бұрын болған уақытқа еді. Сырлы домбыра бала қойшының жан жолдасы еді. Бай қойшының соңында жүрген қойшы жан серігін қолынан ешқашан тастаған еместі.

Бір күні шын ынтасымен әнге берілген бала қойшы, бағып жүрген қойын қасқыр қырып кеткенін сезбей қалды.

Оның бұл қылығына ыза болған бай, төлеуге әкесінің жалғыз түйесін алып, баланы қаңғыртып жіберді. Ол кетіп бара жатып достарына, күрбыларына ақырғы рет өлеңмен қош айтты. Ол өзі сыяқты жетімді паналататын қамқор жүректі іздеді. Болашақ ірі ақын Нұрпейіс Байғаниннің алғашқы сапары осылай басталды. Содан былай жеңіл киміді, ашаң жүзді, аққуба бала сахараны кезіп, ел жұртты аралай берді.

Ол Каспиден—Аралға, Сырдариядан — Оралға

дейін жаяу шарлап, шексіз далада халық мұңын жыр етті. Жас Нұрпейісті ел атаулы «жаяу жырау» деп атады. Қалың жұртқа оның атағы әйгілі болды. Нұрпейіс ақын әділдігі үшін, өткір тілдігі үшін байлардан, болыстардан ауыр азап, қорлық—зорлықты көп көрген адам. Ол той думанда талай ақындармен айтысқа түсті. Бірақ, ол ешкімнен де жеңілу дегенді білген емес.

Сақал, шашына ақ түскен кезінде Нұрпейіс Улы Октябрь революциясына кездесті. Ақынның жырында жаңа дәуір басталды. Ол бостандық уранын шақырып, халықты Ленин—Сталин партиясы туының астына жыйнауға бойындағы ақындық өнерін аямайды. Ол жаңа заман тұсында алғаш жазған өлеңдерін жаңа заманның кұрушысы Ленин мен Сталинге арнады.

... Қазақ қазақ болғалы
Тарихтан орын алғалы,
Дабысы мұндай шықпаған.
Тамыры мұндай соқпаған.
Соқтырған кім тамырын?
Шығарған кім дабысын?
Мол еткен кім табысын?
Ағызған кім арнадан
Өмірдің күшті ағысын?

Ол: Компартия штабым,
Сүйікті көсем Сталин! — деді ол.

Нүрекеннің ақындық шабыты Сталиндік Конституция дәуірінде қайта өрледі. Егде ақын қайта жасарып, құлпыра түсті. Оның ақындық қуатына дем беруші біздің бахытты заманымыз, ол заманның кемеңгері Сталин еді.

Нүрекен сол кездегі қуанышын былай бейнелейді.

... Теңдікке қолым жеткізген,
Сталин данам, сен едің,
Сексенінде ән салған,
Қәрі жырау мен едім.
Шайқалған оқорға тарланмын,
Таймай шабар табаным,
Бұлбұлдай мені сайратқан
Тағы айтамын, қарағым
Сталин, сенің заманың.

Быйыл апрель айында Жамбылдан кейінгі таңдаулы халық ақынымыз Нүрекеннің қайтыс болғанына екі жыл толды.

Нүрекен артына өлең-жырдың асыл қазнасын қалдырып кетті. Оның өлеңдерін жас ұрпақтар сүйсініп оқыйды.

В. КОПЫТИН.





Сыннан сүрінбей өтіндер



Оқытушының кеңесі

Балалар, 4—7 класты бітіріп шыққанда, жұртқа уялмай мақтанышпен көрсететін озат куәлік алу оңай іс емес. Ол үшін көп оқып, көп біліп, көптеген сынақтан сүрінбей өту керек болады.

Уақыт зымырап өте шығады. Енді біраз күнде төртінші тоқсанның да қалай өткенін сезбей қаласың. Одан кейін емтихан да келеді. Емтихан мен сынаққа осы бастан дайындалу керек. Бір сағат уақытты, бір сағат сабақты бос өткізбеу керек. Сабаққа дайындалудың негізгі бір түрі—бірігіп оқу, бірігіп дайындалу әдісі болады. Бұл оқушылардың бірінің білмегенін бірі білуіне, кейбір жетіспейтін оқу құралдарын қосылып оқуына көмектеседі.

Класта тек мұғалімнің айтқанын тыңдап қана қоймай, қасыңда отырған жолдасыңның қайтарған жауаптарын да ынта қойып тыңдап отыр. Сонда сен олардың жауабын байқап отырып, бұл материалды өзіннің қалай білетініңді салмақтай аласың. Бір сабақ 45 минутке созылады. Сол 45 минуттың бір минуты текке өтпесін. Осыған көңіл аудар.

Оқытушы сабақты қанша түсінікті етіп айтса да, өзің ықылас қоймай шалашарны тыңдасаң, ол саған түсініксіз болады. Сабақты үстіртін оқып шықпай, оқығаныңды терең түсініп, жете білуің керек.

Айтайық, арифметиканың ережесі не геометрияның теоремасын тек жатқа біліп қоймай, сол ереже мен теорема бойынша есептер шығарып, тапсырмаларды орындап жаттығу өте пайдалы.

Тарих яки әдебиет сабағынан дайындалсаң, оны да басынан бастап, жүйе-жүйесімен оқып шық. Өзінің бұрынғы білетінің мен оқып түсінгеніңді байланыстыра біл. Сонда сабақтың мазмұны саған толық түсінікті болады.

Егер өзіннің түсінбеген не түсінуге қиын болған мәселелер болса, оны уялмай мұғалімніңпен, жолдастарыңнан сұрап біліп ал.

Жеті жылдық мектепті бітірген адам жақсы сауатты болуы тиіс. Сондықтан әр оқушы өзінің қаншалық сауатты екенін байқауы керек. Егер жат жазуда хате жіберсең, ол—сенің грамматиканың кейбір ережелерін дұрыс білмейтіндігіңнің салдары. Грамматиканың дәл сол ережесін қайталап оқып, бірнеше мысалдар жазып, дағдылан.

Сабақ сыныпа дайындалу үшін әрбір оқушы өзінің күнделікті жұмыс жоспарын жасап алуы керек, сол жоспар бойынша оқуға және демалуға бөлінген уақыттарды дұрыс пайдаланып отыруға тиіс. Сонда уақыт сабаққа дайындалуға да, өткен сабақтарды қайталауға да, демалуға да толық жетеді.

Қазақ ССР-ның леңбегі сіңген оқытушысы Э. ХАИДАРОВ.

ДРУЖИНА СОВЕТИ КАУЛЫ ЕТТИ...

Мектепке келе жатқан бетінде V—класс оқушысы Қалдыбай:

— Аманбек, дружина жұмысы қалай?—деп сұралды қасындағы жолдасынан.

— Оның несің сұрайсың? — деді Аманбек Қалдыбайға жақтырмаған пішінмен ажырая қарап. — Сынаққа санауды—ақ күн қалды. Класс журналдарынан екіліктің көзі әлі жойылып біткен жоқ. Жолдасымыз екілік баға алса, «ешнәрсе етпес, кейін түзерсің» — деп жүре береміз. Осы да жолдастыққа жата ма?

Аманбектің бұл сөзі Қалдыбайды ауыр ойға қалдырды. «Расында екілік алғандарға жанымыз ашыйды, айымыз, — деп ойлады ол ішінен, — ал ол неліктен екілік алды. Оны алғызбасқа болмас па еді. Міне, біз мәселенің бұл жағына жете көңіл бөлмейді екенбіз. Асан Төңізбаевты алайық. Біз ол туралы не білеміз?»



Сығаққа әзірлік.

Сабақтан Қалдыбай мен Асан бірге қайтты. Жолшыбай Асан Қалдыбайға өзінің оқыған кітаптары туралы, өзінің сүйетін кейіпкерлері туралы айтты.

— Сен арифметикадан неге екiлiк алдың?— деді оған Қалдыбай.

— Мен кейбір есептің ережелерін түсінбеймін, жолдастарымның ешқайсысы маған көмектеспейді, — деді Асан қызарыңқырап.

Келесі күні дружина советінің мәжлісі шақырылды. Мәжлісте бірінші болып дружина советінің председателі Аманбек Смағұлов сөйледі.

— Біз, пионерлер, бір—бірімізді жақсы білмейміз,— деді ол,— біз көптеген жақсы жыйындар өткіздік. Онда қызықты әңгімелер айттық. Қабырға газетін шығардық. Мектептегі қоғам жұмыстарына, ойын-сауық кештеріне белсене қатыстық. Ал оқу туралы ше? Бұл тақырыпқа арнап, ең құрмаса бір жыйын шақырып, бір әңгіме өткіздік пе? Жоқ! Әйтеуір «оқу, оқу» деймізде, жүре береміз. Оқу жылы бітуге тақау. Емтихан болса жақындап келеді. Бұған кім қалай әзірлене бастады? Міне, Марат Досанов тақауда тағы да бір екiлiк алды. Неліктен? Ол сабақты ұқыпты оқыйды. Барлығын да жақсы түсінеді. Бірақ, білгенін жеткізіп айтып бере алмайды. Марат 4—класта оқыйды. Ал, жақсы үлгіретін жолдастары оған көмектесуі керек. Марат біреуімізге оқыған тақырыбын айтып, жаттықсын. Сонда ол өзінің ойын жақсы айтып беруді тез үйренеді. Мына осырған Күлән Оспанованың да алған бір нашар деген бағасы бар...

— Күләннің өзі кінәлі! Жалқау!— деді бір пионер жулып алғандай.

— Жоқ, ол олай емес,— деді Аманбек,— кеше мен де солай деп ойлағанмын. Кеше Күләннің үйінде болдым. Оның өзімен де, апасымен де сөйлестім. Күлән ұқыпты қыз екен. Тек оның бірнеше пәннен оқу құралы жетіспейді. Бар оқу құралын бірігіп оқуымыз керек.

Дружина советі мүшелері кезекпен сөйлеп, емтиханға кімнің қалай әзірлене бастағанын айтты. Мәжліс соңында дружина советі: Әрбір пионердің емтиханға қалай дайындалып жүргендігі анықталынсын. IV—класс оқушысы—пионер Марат Досановқа емтиханға дайындалуда сол кластың озат оқушысы Кәрім Сасаев көмектессін, ал V—класс оқушылары Асан мен Күләнге пионерлер Дариға Сқақова мен Қалдыбай Нұрмұхамбетов көмектесетін болсын деп қаулы етті.

Аға вожатый Л. ӘЛИМАНОВА.

Еңбекші қазақ ауданы, Молотов атындағы қазақ орта мектебі.

МЕНИҢ ОҚУ ӘДІСІМ

Мен үшін ең қиын пән алгебра мен геометрия еді. Мен осы пәндерден өткеш сабақты қайталап оқуға кірістім. Бірақ, одан алғашында ештеңе шығара алмадым. Бұл пәндерді қатарынан дайындауға уақытым жетпейтін болды. Демек, мен өзімнің жұмыс уақытымды дұрыс пайдалана білмедім. Енді не істеу керек?

Соңсоң мен өзіммен бірге оқыйтын жолдастарыма барып, олармен ақылдасуды жөн көрдім. Сабақтас балаларға жардайымды жасырмай айтып бердім. Бірақ, олар өткен сабақтың көпшілігін қайталап қойыпты. Олар күнделікті жұмыс жос-



Молотов атындағы мектептің оқу отличниктері.

парын жасап алыпты, сол жоспар бойынша сабаққа дайындалады екен. Бұл жоспарларында олар өткен сабақты қайталауға тиісті уақыт белгіленіпті. Әр пәнге бөлген уақыттарын дұрыс пайдаланып отырады екен.

Мен де өзіме осындай жұмыс жоспарын жасап алдым. Бір күні алгебраны қайталап оқысам, екінші күні географияны оқыйтын болдым. Ал, күнделікті сабаққа күнде дайындалып отырамын. Сабақ оқудың дұрыс әдісін мен осылай таптым.

Аманбек СМАҒҰЛОВ.

ОЙЫМДЫ ОҚУҒА ҒАНА БӨЛЕМІН

Тарих сабағы. Класс іші тым-тырыс. Тіпті аяқтың тықыры да естілмейді. Тек мұғалімнің:

— Француз императоры Наполеон Бонапарт батыс Европадағы көптеген елдерді күшпен басып алды. Осы жеңіл жеңістерге масаттанған ол Ресейді де он-оңай жаулап алмақ болды. Сөйтіп Наполеон бастаған француз әскерлері 1812 жылы Ресей еліне жорыққа аттанды. Азаттық сүйгіш орыс халқы шетел басқыншыларына қарсы жаямай күресті, деп ақырындап айтқан түсінігі ғапа естіледі. Оқытушы мұнан кейін осы тақырыпқа сәйкес, бірнеше қызық мысалдар келтірді.

Мен оқытушының айтқан осы түсініктері мен келтірген мысалдарын қызығып тыңдаймын. Барлық назарымды соған аударып, оны жадымда ұстап қалуға тырысамын. Оның пайдасы көп. Сабақ үстінде ұғып алған түсініктер ұзақ уақыт есімде сақталып, кейіннен оқытушы сұрағанда, бөгелмей айтып беруіме көп жеңілдік келтіреді. Сондықтан әр уақыт өзімнің бүкіл ынта, жігерімді тек қана сабақ оқуға жұмсаймын, назарымды соған аударамын. Сабақ оқып отырғанда, оқытушының түсінігін тыңдағанда, көңілімді басқа жаққа бөлмеймін.

Қазір мен өзімнің мектептегі озат оқушылардың бірімін. Ендігі менің ойым: IV—класты кілен бес деген бағамен бітіру. Менің бұл мақсатыма жетуіме сенімім зор.

Кәрім САСАЕВ.

Азық-түлік молшылығы үшін!

Бүкілодақтық коммунист (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің февраль айында болып өткен пленумы соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өркендету шаралары туралы маңызы аса зор мәселе қарады.

Біздің ел — ауыл шаруашылығы шарықтап өркендеген, өскен ел. Біздей ірі ауыл шаруашылығы бар дүние жүзінде бірде-бір ел жоқ. Кең-байтақ отанымыздың миллиондаған шаруалары ынтымақтасып, колхозға біріккеннен кейін мемлекетімізден жүз мыңдаған трактор, автомобиль, комбайндар алды. Егіс даласындағы жұмыстар техниканың қуатты күшімен істелетін болды. Ауыл шаруашылығын механизацияландырудың арқасында жыл сайын ұшан-теңіз мол астық алатын болдық.

Біздің еліміз соғысқа дейін, бір жылдың өзінде, 1940 жылы 7 миллиард пұт астық алды. Бұрынғы патшалы Ресейде, ең шұрайлы жерлер ірі жер иелері мен құлақтардың қолында болған кезде, шаруалардың қолы мұндай мол табысқа ешқашан жетіп көрген емес еді.

1946 жылы еліміздің оңтүстік-батыс аудандарының бірқатарында керемет қуаңшылық болды. Астық шықпай қалды. 1921 жылғы қуаңшылық үлкен кісілердің есінде болар. Былтырғы қуаңшылық 1921 жылғы қуаңшылықтан анағұрлым асып түсті. Тіпті мұндай қуаңшылық соңғы елу жылдың ішінде Ресейде болған жоқ еді. Бірақ та, батыстағы колхоздарымыз қазір астық мұқтажлығына ұшырап отырған жоқ. Оларға мемлекет қорынан қарызға хажет астық босатылды.

Бытыраңқы шаруашылықты бұл қуаңшылық орасан апатқа ұшыратқан болар еді. Ал, колхоздарға ол оншама кесел келтіре алған жоқ.

Қазір большевиктер партиясы, сүйікті көсеміміз Сталин колхоздарды 3—4 жылдың ішінде соғысқа дейінгі дәуіріндегіден де дәулетті, ауқатты ету үшін тиісті шаралар қолданып отыр.

Ұлы Отан соғысы жылдарында, Совет Армиясын азық-түлікпен қамтамасыз етуде Қазақстан ерекше орын алды. Соғыстан кейінгі жылдарда да Қазақстан елімізге миллиондаған пұт астық берді. Бір ғана 1946 жылдың өзінде Қазақстан жоспардан тыс мемлекетке 12 миллион пұттан астам астық тапсырды. Қазақстан шығыста астықты елдердің алдыңғы қатарлыларының бірі.

Ауыл шаруашылығы неғұрлым тез арада қалпына келтіріліп, өркендетілсе, соғұрлым еліміздің бүкіл халық шаруашылығы зор қарқынмен дамйды, соғұрлым халқымыздың тұрмысы жақсарайды. Тақау жылдарда бізде азық-түлік молшылығы болады. Пленум қаулысында осылай делінген.



АСТЫҚТЫ ЕЛ

Еліміз үшін астықтың маңызы өте зор. Оның ішінде бидай, кара бидай, арпа, сулы, буршақ, тарыға ерекше көңіл бөлеміз. 1949 жылы астықтан соғысқа дейінгі өнімдей өнім аламыз. Демек, сол жылы еліміз жеті миллиард пұттан астам астық алады. Ал, бесжылдық жоспары бойынша 1950 жылы 7 миллиард 600 миллион пұттан артық астық алуға тиіспіз. Партиямыздың Орталық Комитеті қаулысында осы жоспарды толығымен және асыра орындау керек деп атап көрсетті. Бұл міндетті орындап шығуда біздің республикамызға зор міндеттер жүктеліп отыр. 1947 жылы Қазақстанда колхоздардың егістік жерінің көлемі 380 мың гектарға жеткізіледі, яғни 1946 жылдан 7,7 процент артады.

Егіннен мол өнім алу күрделі, аса игілікті іс. Бұл үшін бізде барлық жағдай жасалып отыр. 1941 жылы республикамызда 23.148 трактор, 9.883 комбайн, тағы көптеген ауыл-шаруашылық машиналары болса, 1947 жылы 34 мың трактор мен 510 миллион сомға басқа да ауыл шаруашылық машиналары сатып алынады. Бұл егіс көлемі, оның өнімі бұрынғысынан анағұрлым артады деген сөз. Қазақстанда құнарлы, шұрайлы кара топрақты жер көп. Ауылшаруашылығымыз мыңдаған мамандармен қамтамасыз етілген. Оның үстіне бізде көптеген астықтан мол өнім алған үздік шыққан адамдар бар. Олардың жұмыс тәжірибесі егін өнімін жыл сайын арттыра беруге болатындықты көрсетіп отыр. Қарт диханшы атақты Шығанақ Берсиевтің тарыдан бұрын-соң болып көрмеген өнім алғаны жер жүзіне мәлім. Бұл біздің жас диханшыларымызға әрі мақтан, әрі үлкен сабақ.

Совет өкметі адал еңбекті әрқашанда ардақтап келеді. Еңбек өнімін, еңбекке үздік шыққан адамдарға зор баға беріп келеді. Егіннен мол өнім алған озат адамдарға Социалистік Еңбек Ері атағын беру, ССР Одағының орден, медальдарымен наградтау туралы жуықта ССР Одағының Жоғарғы Советі президиумының Указы жарияланды.



МАЛ БАСЫ ӨСЕ БЕРМЕК.

Орталық Комитеттің қаулысында социалистік мал шаруашылығын өркендету мәселесіне мал басын өсіру ісіне үлкен орын берілген. Біздің еліміз малға бай ел. 1949-жылдың 1-январында Советтер Одағында сыйыр 27 миллион, қой-ешкі 100 миллиондай, шошқа 20 миллион, жылқы 13 миллиондай болады. Бұл цифрлар мал басының көбеюімен қатар сүт, май, ет сыяқты азық-түлік көбейетінін сыпаттайды.

Қазақстанда 1936 жылдан 1941 жылға дейін малдың негізгі түрлері—6.193 мың бас көбейді. Яғни 98,8 процент артты.


Соғыс жылдарында, яғни 1941 жылғы январьдан 1946 жылғы 1 январьға дейін республикамызда малдың жалпы саны 2.306,8 мың, яғни 20 процент асты.

Төртінші бесжылдықтың қалған жылдарында республикамызда мал басы 25.329 мыңға жетеді. Халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендетудің жаңадан жасалған төртінші бесжылдық жоспары бойынша ауылшаруашылығымыз бұрынғыдан да шарықтап өсе бермек. Сонымен, егін, мал шаруашылығының өсуі елімізді азық-түліктің молшылығына жеткізеді, халқымыздың дәулетін арттыра береді.

Пионерлер мен оқушылар! Орталық Комитеттің тарихи қаулысын орындауда, сендер де колхозшы шаруаларға белгілі қолқабыс тигізулеріңе болады. Айтайық, сендер әрқайсының бір-бір түп алма ағашын отырғызсаңдар, жеміс тұқымын ексеңдер. Еліміз одан қосымша жеміс алмай ма! Сол сыяқты сендер ауыл шаруашылығына зыян келтіретін жәндіктерді құртып, егістік даласындағы арам шөптерді жұлып, колхозшыларға астықтан мол өнім алуға едәуір көмек көрсете аласыңдар.

Сендердің жас төлдерді күтудегі қамқорлық істерің үш жыл ішінде колхоздарымыздың табынына көптеген бас мал қосады.

Отанымыздың байлығын арттыра беру үшін көмектесейік!



Қ А Л А М

А, деп мен оқығаннан әліппені
Қарындаш, серік қылғам, қалам сені.
Келтіргем талай түзел, талай өңдеп,
Жазғанда ақ қағазға әріптерді.

Егерде есіме алсам өткендерді,
Қоймаймын есіме алмай, қалам, сені.
Білімге талпынғанда серік еткем,
Дос тұтып жүрегімнің сен сенгені.

Жаттап, жазып, үйреніп әрбір сөзді,
Өздігімнен оқуға шамам келді,
Ой-өрісім кенейіп, сезім кіріп,
Атқылап аршығандай қайнар көзді.

Сол өмірдің рахатын көңілім сезді,
Тексердім, тез таныстым көзім көрді,
Жазу, сызу үйреткен жаттықтырып,
Қаламды мен білемін құрметтеуді.

Сүйсінткен құмырсқа бел қалам мені,
Қолыма жазып талай кітап берді.
Жүректің ең төрніен орын беріп,
Ардақтап бағалаймын, қалам, сені.

Жұмағазы АХМЕТОВ.

Алматы, 18-ер балалар мектебі.

К Ө К Т Е М

Құлпырып, гүл жамылып ой менен қыр,
Тасыған сулар ағып қырдан ойға.
Қосылып түрлі құстар салады жыр,
Келгендей алыс жерден улы тойға.

Адамзат, жан-жануар шат боп бәрі,
Қуанған қарсы алып көктем айын.

Жайдары, жылы жүзді жас пен кәрі,
Жүрегі қуанышқа толғандайын.

Бас иіп самалына, тағзым етіп,
Көктемді көппен бірге қарсы аламын.
Жүректен әсем шаттық күйін шертіп,
Құлшына қуанышпен ән саламын.

Тілеген Хайдаров

Ө С Е М І Н

Бахытты шаттық өмірде,
Гүлденіп тұр заманым.
Шат заманға сай болып,
Бахытты туған баламын.
Ұмтыламын білімге
Ұлгісімен ағаның.
Мектепті толық бітіріп,
Білімді адам боламын.

Жеткізген мұндай бахытқа
Сталин бабам көсемім.
Саясында сайрандап,
Еркіндікте өсемін.

Хайролла БАПАЕВ,

Шәуілдір ауданы, Жамбыл орта
мектебі

Өлке тану саяхатына осы бастан әзірленіңдер

Жас достар, сүйікті Отанымыздың кең байтақ даласына көз салыңдаршы! Онда сендер асқар биік тауларды, айдын шалқар көлдерді, шұрайлы шұйғын өкерттерді, құмайт барқыт белдерді көресіңдер. Онда сендер білмеген қанша сыр, сендер өстімеген қанша жыр жатыр!

Мыңдаған совет балалары өздерінің жазғы демалысын пионерлер лагерінде, балалар санаториясында өткізеді, көңілді дем алып, ден саулығын күшейтеді. Ал мыңдаған мектеп оқушылары мен пионерлер сүйікті Отанымыздың тамаша табиғатымен танысып, жаратылыс байлығын тану үшін саяхатқа шығады. Бұл саяхат туған өлкені тану саяхаты деп аталады.

Енді бір-екі айдан соң оқу жылы аяқталады. Жарқын жүзді жайлары жаз келеді. Міне, дәл сол мезгілде сендердің жазғы демалыстарың да басталады.

Бытырғы жылы Москва қаласындағы Милуха-Маклай атындағы отряд пионерлерінің бастауы бойынша, еліміздің мыңдаған мектеп оқушылары мен пионерлері өлке тану саяхатына шықты. Олар еліміздің жаратылыс байлықтарын, географиялық құрылысын зерттеді, тарихи ескерткіштерді, социализм жеңісінің нәтижесін көрді, ССР Одағы халықтарының ұлттық мәдениетімен танысты. Бұл жорықтарда мектеп оқушылары мен пионерлер көптеген нәрсені көріп білді. Олар өздерінің мектептеріне өсімдік пен жәндіктердің бірнеше түрін әкелді.

Советтік өлке тану саяхаты жас өспірімдерді коммунистік рухта тәрбиелеуде, оларды оқыту, білім беру ісінде маңызы зор іс. Ол жастарды сәулетті Отанымыздың бай табиғатымен, жаратылыс байлығымен таныстырады, социалистік құрылыстың табыстарымен, халқымыздың ерікті және бахытты өмірімен таныстырады.

Өлке тану саяхатының ССР Одағы Қарулы Күштеріне лайықты резерв даярлауда да аса зор маңызы бар. Бұл саяхат денесі құрыптай, қуатты, тұрмыста ысылған адамдар тәрбиелен шығарады. Ол адамға өскерлік маңызы бар білім береді. Өлке тану саяхатына қатысқан балалар қиын шатқалаң жерлермен жүріп жаттығады, топографиялық картаны, компасты дұрыс пайдалануды үйренеді, жорық өмірінде кездесетін кедергілерді жеңуге машықтанады. Байқау-барлау істерімен танысады.

Саяхатқа алғаш рет шыққан адам, далада от жағуға да көп уақытын жібереді, ұйықтау үшін жасалған жылы қаншықтың ішінде түні бой қайта-қайта аударылып ұйықтай аламай шығады, біреудің көмегісіз тамақ та пісіре алмайды, бір күнді жүрісті көтере алмай, шаршап та қалады. Жорық өмірінің мұндай «қиыншылықтарын» жас саяхатшылар ертрек ескеріп, мұның бәріне машықтануы керек. Тіпті бір күндік жерді жүріп келгеннен кейін, бұлшық еттердің азырақ ауырғаны жақсы, сонда тамақты жақсы ішесін, түнде жақсы ұйықтап тынығасын. Осының барлығы да сенің келесі күнді сапарыңның жемісті болуына көп әсер етеді.

Саяхатқа шыққанда, тағы бір еште ұстайтын ереже уақытты дұрыс пайдалану болып табылады. Бұл да саяхаттың, жорықтың нәтижелі болуына пайдасын тигізеді.

Жақында БЛКЖО Орталық Комитеті оқушылардың жазғы демалысы кезінде туған өлкемізге пионерлердің жорығын ұйымдастыру жөнінде әдейі қаулы алды. Бұл қаулыда оқушылардың 1946 жылдың жазында басталған жорықтары мен экскурсияларының балаларды коммунистік рухта тәрбиелеуде, пионерлер мен мектеп оқушыларының өз Отанын, оның сарқылмас жаратылыс байлықтарын, кешегісі мен бүгінгісі жете білуде, балаларды төзімділікке, икемділікке, батырлыққа үйретуде зор қызмет атқарғандығы атап көрсетілді.

БЛКЖО Орталық Комитеті туған өлкені тану саяхатын жыл сайын мектеп оқушыларының жазғы демалыс кезінде өткізу дәстүрге айналсын деді. Жорықтар мен экскурсиялар әрбір ауданның, облыстың, өлкенің, республиканың маңында өткізілсін, бүгін пионерлер отрядтары, звенолары және оқуда жақсы үлгеріп келе жатқан жорықтары кластың оқушыларынан құрылған топтар қатынаса алады, деді. Қаулы бойынша, пионерлердің сапарға шығуларын ұйымдастыру істеріне мектеп директорлары мен мұғалімдер қатынасулары керек.

Пионерлер мен оқушылардың өз өлкесін тану жөніндегі жазғы сапарға шығуларына көп уақыт қалған жоқ. Міне, сондықтан да осы уақытта бастап бұл іске даярлану жұмыстарын қолға алу хәккет. Даярлық жұмыстардың орталығы пионерлер үйі болсын. Бұл үйлерде жорықтар мен экскурсияларды ұйымдастыру және оларды өткізу туралы семинарлар өткізіліп, түсініктер ұйымдастырылғаны хәккет. Пионерлер керекті құрал, жабдықтарды өздері жасап алулары керек.

Басталатын істің нәтижелі аяқталуы әзірлікке байланысты. Бұл ұлы және икемді іске күні бүрғы даярланыңдар! Сөйтіп, жазғы демалыстарыңды әрі көңілді, әрі пайдалы өткізіндер!

В. М. ЗИМИН,

Қазақтың Мемлекеттік физкультура институтының туризм-альпинизм кафедрасының меңгерушісі.





Отанымызды гүл бақшаға бөлейік!

„Біз табиғаттан рахымшылық тілеуге тиіс емеспіз. Оны одан тартып алу-біздің міндетіміз“.

И. В. МИЧУРИН.

Балалар, жарқын жүзді жаз келді. Алты ай бойы жерді жапқан ақ қар, көк мұз күн сәулесінің күшімен еріп, сай-салалардан су боп ағып, тасый бастады.

Жаздың жарқын бейнесі көргеннің көзін өзіне тартып, үлкен іске шақырды. Міне, осы іске осы бастан кірісу керек.

Жуырда Чоботов мектебінің коллективі игілікті істі бастады. Олар өткен жылы тақыр жерге жеміс бақшасын өсірді. Олардың бұл бақшасы тамаша болып өсті. Бұл жөнінде чоботовшылар Советтер Одағының барлық пионерлері мен мектеп оқушыларына арнап хат жазды. Онда олар өздері өсірген бақшасын мақтан етеді және сондай бақша өсіруге барлық балаларды шақырады.

БЛКЖО Орталық Комитеті чоботовшылардың бұл бастамасын қуаттап, арнаулы қаулы алды. Ауыл шаруашылығы Министрлігі және РСКСР Оқу Министрлігімен бірлесе отырып, таңдаулы жас бақшашылардың Бүкілодақтық жарысын өткізуді жариялады.

Жарыста озып шыққан ондаған мектептер, балалар үйі, жас бақшашылар станциясы және басқа балалар мекемелері БЛКЖО Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туымен наградталады. Онымен бірге олардың әрқайсысына 5000 сом ақшадай сыйлық беріледі. Сол сияқты жарысқа қатысып үздік шыққан жеке пионерлер мен оқушыларға да «Жас бақшашы» значогі тапсырылып, әрқайсысына 100 сомнан 200 сомға дейін ақшадай сыйлық беріледі.

Ленин — Сталин комсомолы Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туын алу — үлкен аброй. Бұл үшін қажырлы еңбек ету керек.

Қане, балалар, қолдарына күрек алып, мектеп алаңына шығындар. Әрбір мектеп пен әрбір балалар үйінің маңы жемісті ағаштар мен алуан түрлі гүлге бөленсін.

Күзді күні неше түрлі жемісті: алманы, алмұртты, үзімді, мейізді, өрікті, қаракат пен бүлдіргенді өз бақшаларыңнан керегінше алатын болуларың керек.

Сөйтіп, сүйікті Отанымызды гүл бақшаға бөлейік! Жас бақшашылардың Бүкілодақтық жарысына тегіс қатысайық!

ЖАҚСЫ БАСТАМА

Дружина советінің кезекті мәжілісінде Чоботов мектебі коллективінің хаты талқыланды.

— Чоботовшылардың бұл бастамасы өте сүйсінерлік іс. Біз бұл бастаманы бар ынта-ымырамен қолдануымыз керек. Чоботовшылар сияқты біз де өз мектебіміздің маңайына бақша егеік, сөйтіп мектебімізді гүл бақшаға бөлейік! — деді аға вожатый Карпов.

Карповтың бұл ұсынысын совет мүшелері бірауыздан қолдады. Совет мектеп маңынан бақша егуге, оған бүкіл мектеп оқушылары мен пионерлерді жаппай жұмылдыруға қаулы алды.

Келесі күні пионерлер қолдарына күрек алып, мектеп маңына жыйналды. Олар мектептің қасынан бақша өсіруге қолайлы жерді белгіледі. Ол жерге жеміс ағаштарын отырғыза бастады. Сол күні олар 12 түп алма ағашын, 8 түп қара өрік және 30 түп жай ағаштар отырғызды.

Мектеп алаңын гүлдендіру ісіне барлық оқушы пионерлер бар ынта-жігерімен қатысты.

Дружина советінің мүшесі Р. Момынова,
Тастақ селосы, 75-орта мектеп.

БІЗДІҢ БАҚША


Біздің отрядтың пионерлері чоботовшылардың хатын оқып шыққаннан кейін, өзіміздің былтырғы жылы еккен бақшамызды үлкейтіп және қосымша ағаштар екпек болды. Жаңадан егілген ағаштарға сол ағашты егіп және оны күткен баланың атын қоюға келісті. Сонда әрбір бала өзінің атымен аталған ағашты күтіп өсіретін болады. Бұл іс балаларға ұнап кетті.

Келесі күні пионерлер қолдарына күрек, кетпен, шелек алып, мектеп алаңына шықты. Олар ескі бақшаны жөндеді, әрбір ағаштың түбіндегі топырағын жұмсартып, оған шелекпен тасып су құйды. Сонсоң өздері жаңадан ағаштар отырғызып, оны өз атымен атады.

Жыл соңынан жылдар өтеді. Біз мектепті бітіріп, жаң-жаңға кетеміз. Бірнеше жыл өткен соң, сол мектебімізге қайтып келіп, өзіміз егіп, өсірген ағашты көріп, сонда:

— Мына ағашты егіп, өсірген мен едім! — деп мақтанышпен айтатын боламыз.

пионерка Зина ҚҰРМАНОВА,
Алматы қаласы, 51-қыз балалар мектебі.



А Н Д А Р Д Ы Њ Ұ Я С Ы

Аңдар інде ғана тұрып күнелтеді деп ойлаймыз. Ал, ақтығын ше? Ол інде мекендемейді, ағаштың басына ұя салады. Ұясының үлкендігі сауысқанның ұясымен бірдей болады. Кейбір тышқан да бұталардың басында ұялайды. Ол өзінің кішкентай дөңгелек ұясында ертеден қара кешке дейін бас көтермей ұйықтайды. 1946 жылы бұтаға ұяла-

ған тышқан сондай көп болды. Олар Алматының маңындағы бақшаларға сансыз көп ұялар салды. Гүлдерге түрлі зыян келтірді.

Солтүстік Қазақстанда көкмайса шөптердің бастары шоғырмаланып, жерге салбырап тұрғанын көруге болады. Бұл шоғырмақ тышқанның ұясы. Бұл ұялардың аузы шоғырмақтың бір бүйірінен шыға-

рылған. Ол ұяны тышқан өзі жасай алады. Тышқан шөптің басына оп-оңай өрмелеп шыға алатынын жақсы білеміз. Ол ұясына ешқандай қиындықсыз кіріп-шыға береді. Ал, кейбір су тышқандары томарларға ұя салады. Демек, аңдар тек қана ін емес, құс сыяқты ұя да жасайды.

М. ЗВЕРЕВ.

Қ Ұ С Т Ы Њ С Ү Т І

«Құста сүт жоқ, жылқыда өт жоқ» деген мақал бар. Бұл құста сүт болмайды деген ұғымнан туған. Осыған иланып құста сүт болмайды екен деп те ойлаймыз.

Бірақ жұрттың бәріне мәлім бір құс бар. Ол құста сүт болады. Бұл құс—кәдімгі көкаршың. Жұмыртқаларын жарар

алдында, көкаршының бауыры жуандайды, демек желіндейді, бездері ісінеді. Ол балапандарын жарық дүниеге келісімен ақ сүтпен асырайды. Сонымен барлық құста сүт жоқ деу бекер боп шығады. Кейбір құста сүт бар. Бүгін көзіміз анық жетіп отыр.

М. ЗВЕРЕВ.

М А З М Ұ Н Ы

В. И. Ленин	бет	Ы. Алтынсарин — Қысқа әңгімелер	14
А. Хангелдин — Алғыс (очерк)	3	В. Копытин — Жаяу жырау (Н. Байғанин туралы)	13
Ж. Молдағалиев — Отан (өлең)	6	Ә. Хайдаров — Сынан сүрінбей өткендер! (оқытушының кеңесі)	16
М. Пришвин — Күн қоймасы (жалғасы)	7	Азық-түлік молшылығы үшін	18
А. Шамкенов — Ғылым (өлең)	9	Біздің оқушыларымыздың шығармалары	19
Ә. Сәрсембаев — Кек жалыны (дастан, жалғасы)	10	Пионерлер шежіресі	20
Ә. Сүлейменов — Бұл кім? (өлең)	11	В. М. Зимин — Өлке тану саяхатына осы бастан әзірленіңдер!	22
Қ. Борамбаев — Таныс торғай (өлең)	>	Отанымызды гүл бақшаға бөлейік	23
Ж. Қонақбаев — Теміртау (очерк)	12	М. Зверев — Табиғат зерттеушінің дәптерінен	24
Қ. Байзақов — Тұрар күлің сан қала (өлең)	>		


Редколлегия мүшелері: Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Н. Ахмедова, Ә. Бектұров, Қ. Борамбаев, Қ. Жармағамбетов, С. Мұқанов, Ж. Қонақбаев, Ә. Сытдықов, А. М. Черкасский.

Тех. редакторы А. К. Даморошин

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина 73. Редакция журналы «ПИОНЕР»

Подписано к печати 17-5 1947 г. УГО1944 Объем 3 п. л. Тираж 10.000

Гостипография № 3 Управления полиграфии и издательства при Совете Министров КазССР г. Алма-Ата, Проспект Ленина 2. Заказ № 460



НЕГЕ?

«Пионер» журналының өткен жылғы 6 санында басылған «Неге» деген сұраулардың жауаптары:

Күн неге тұтылады?

Күнді айналап қозғалып жүретін бірнеше планеталар (сөнген жұлдыздар) бар. Олардың бірі жер. Жер бір жылда күнді айналып шығады. Ал, ай жерді айналып жүреді. Егер күн мен жердің аралығына ай келіп, үшеуі бір түзу сызық бойында тұрса, сонда ай жерден күнді жасырып, жерге өзінің көлеңкесін түсіреді. Осы құбылысты күн тұтылу дейміз.

Судағы тас неге жеңіл болады?

Қандай затты алсақ та, оның белгілі салмағы бар. Заттың ауадағы салмағын да білеміз. Сондықтан заттың ауадағы салмағын оның шын салмағы деп санаймыз. Шынында, олай емес. Егер кішкентай тасты жіппен байлап серіппелі таразыға іліп, оның ауадағы салмағын өлшейік, одан соң тасты стакандағы суға салып (тас стаканға тимесін) өлшеп көрейік. Суға батырып өлшегенде, тас жеңілдейді. Судан алып, кептіріп, қайта өлшесек, тастың салмағы бұрынғысындан болады. Сонымен суда заттың салмағы кемігендей болады. Өйткені тасты су көтереді. Физика тілімен айтқанда, тасқа кері итеретін күш әсер етеді. Тастың салмағы төмен қарай басады. Судағы тастың салмағы сол екі күштің айырымына тең. Оны жоғары көтеретін күштің қуаты тас ығыстырған судың салмағына тең болады. Сөйтіп көлемі тастың көлеміндей судың салмағы қанша болса, судағы тас та, сондай жеңілдейді.

Күзді күні жапрақ неге түседі?

Ауа райының өзгеріп, күздің салқындауымен байланысты, өсімдіктер өсуін тоқтатады. Ағаштардың жапрағы сарғайып, түсе бастайды. Оның себебі—күзді күні жер суының өсімдік тамырлары жөндеп хорек ала алмайды, онымен қатар өсімдіктердің жапрағын хоректендірмейді. Сондықтан күзді күні өсімдіктердің жапрағы түседі.

Жапалақ неге түнде көреді?

Адамның көзінің аумағы кішкентай болғанымен оның нұры күн сәулесінен өткір. Сондықтан да адам күндіз көреді. Ал жапалақтың көз құрылысында адам баласының көз құрылысында бар қасиеттер жоқ, көзінің нұры жасық. Осы себептермен жапалақ күндіз көрмейді, тек күн батып, қараңғылық түскенде ғана көреді.



Балалар! Мына суретті тоғыз бөліп қыйындар. Сонсоң сол қыйықтарды құрастырып шаршы жасандар.

12 хате

Журналымыздың 1947 жылғы бірінші санында басылған «12 хате» деген суреттің жауабы:

1. Қоян ағаштың басына шықпайды.
2. Ит пен мысық арбасқанда, ит мысықтан қорықпайды, ағашқа өрмелемейді, қайта иттен қорқып, ағаштың басына мысық шығады.
3. Қауынның сабағында жапрақ болмайды.
4. Күнбағыс әрдейім күнге қарап тұрады.
5. Күндіз жұлдыз көрінбейді. Өйткені, күннің сәулесі жұлдыздың жарығын басып кетеді.
6. Үйрек ағаштың бұтағына қонбайды.
7. Қаз ағаштың бұтағында отырмайды.
8. Үйге тіреу ылдый жағынан тіреледі.
9. Үй көлеңкесі күн жағына түспейді.
10. Бала атқа мінгенде, алға қарап мінеді.
11. Жүгенделмей тұрып ат ерттелмейді және жүгендемей атқа мінбейді.
12. Әтеш суда жүзбейді.

Дұрыс шешуін жібергендер: Аманжол Ғабдуллин (Қостанай облысы, Пресногорков ауданы, Жаңа жол орта мектебі), Садуақас Оспанов (Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Калинин атындағы бастауыш мектеп), Бекен Нұршабаев (Қарағанды облысы, Улытау ауданы, Улытау орта мектебі), Иран Әбдіраимов (Өзбек ССР, Ташкент облысы, Жоғарғы Шыршық ауданы, 24-санды орта мектеп).

АЛҒАШҚЫ ГҮЛДЕР

Қазақстанда қар кетісімен ерте өсетін кейбір өсімдіктер бар.

Мұндай ерте өсетін өсімдікті р: жіңішке сабақты қурай, қой жуа, қызғалдақ, бәйшешек.

Бұлардың кейбіреуі қар кеткен күннің ертеңінде-ақ шешек атып, кейбіреуі көк соқталанып жуқарған қарды тесіп шығады.

Бұлардың көпшілігі ақшыл, жасыл түсті, жіңішке сабақты өсімдіктер.

Ал, бұл өсімдіктердің ерте көктем, түйін тастауына себеп не деген жағдайға тоқталсақ, оны білу үшін олардың өткен жаздағы тіршілігіне көңіл бөлу хажет.

Олар өздерінің тамырларын келер жылға керекті азықпен ерте бастан хоректендіріп, жер қыртысының астына қалдырады. Олардың тамырларында крахмал, ал сабағында қант текті заттар сақталады. Бұл қант текті зат өсімдікке дем алу үшін хажет. Және суық түскен вақытта өсімдікті үсінуден қорғайсы. Бұлардың кейбіреуі қардың астында шешек атып, гүлдей бастайды.

Ал, бұл өсімдіктердің өзіндік өсу ерекшелігі бар. Жоғарғы айтылған өсімдіктердің біреуін алғаш шыға бастағанда, ертемен өлшесеңіз, кешкілік едәуір бойлап өскенін көреміз. Демек бұл өсімдіктер өте тез өрбіп өседі.

А. ЯКОВЛЕВА

